



### ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + ШЫҒАНАҚТАҒЫ АРАБ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ КЕҢЕСІНІҢ» БІРІНШІ САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



Президент өз сөзінде Орталық Азия мен Шығанақтағы араб мемлекеттері басшыларының бүгінгі кездесуі, ең алдымен, уақыт талабы және көпжақты ынтымақтастықты мүлде жаңа деңгейге көтеру жолында өзара түсіністік бар екенін көрсететініне назар аударды. Оның айтуынша, біздің елдеріміз екіжақты форматта берік әрі үйлесімді мемлекетаралық қатынас орнатты. Сенімді әрі белсенді саяси диалог, сауда-экономикалық ынтымақтастық дамып, мәдени-гуманитарлық байланыстарды тұрақты түрде нығайтып келеді.

– Жаһандық орнықты даму мәселесі бойынша мемлекеттеріміздің халықаралық аренадағы көзқарастары – орталық немесе тауқы. Жалпы, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттары да бір. Тарихи байланыстар, ортақ рухани құндылықтар, достық пен бауырластық – қарым-қатынасымыздың берік негізі екені сөзсіз. Қазақстан бүгінгі кездесуге ерекше мән береді. Шығанақ елдерінің саяси ықпалы, экономикалық және инвестициялық әлеуеті зор. Олар – көптеген негізгі бағыттар бойынша біздің ең маңызды серіктесіміз. Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі аймақтық ынтымақтастығын жандандырып, өңірдің жаһандық маңыздылығын күшейту қажет деп санаймыз. Бұл көпжақты ықпалдестікті тереңдету үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Осы іске «Орталық Азия +» диалог форматы елеулі үлес қосатыны сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Орталық Азия мемлекеттерінің әлеуеті мен Шығанақ елдерінің орасан зор мүмкіндігі көпжақты серіктестікті биік белеске шығара алатынына сенім білдіріп, осы диалог форматындағы ынтымақтастықтың басым бағыттарына қатысты өз пікірін ортаға салды.

– Ең алдымен, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту маңызды. Соңғы жылдары біздің аймақтың ынтымақтастық кеңесіне мүше елдермен сауда-саттығы қарқынды дами бастады. Мұны ерекше атап өткен жөн. Бірақ көрсеткіштер біздің әлеуетіміздің толық пайдаланылмауы отырғанын көрсетеді. Тауар айналымын айтарлықтай арттыру үшін бізде барлық мүмкіндік бар. Ол үшін өзара сауда номенклатурасын ұлғайту қажет. Мысалы, Қазақстан қысқа мерзімде құны шамамен 400 миллион доллар болатын 100 түрлі тауар экспорттауға дайын, – деді

Мемлекет басшысы. Президент инвестициялық ынтымақтастықты жандандыру мәселесін екінші бағым бағыт ретінде атады. UNCTAD баяндамасына сәйкес былтыр Орталық Азияға тартылған таза инвестиция 40 пайызға артып, 10 миллиард долларды құрады. Оның 60 пайызы Қазақстанға тиесілі.

– Тәуелсіздік жылдары Шығанақ елдері Қазақстан экономикасына 3,6 миллиард долларға жуық қаржы салды. Сондықтан біз инвестициялық байланыстарды одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Осыған орай экономиканы әртараптандыруға бағытталған ауқымды реформалар жүргізілуде. Шетелдік капитал үштен барынша қолайлы жағдай жасап жатырмыз. Жуырда Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасында Іскерлік кеңес құрылды. Ол екі елдің сауда және инвестициялық әлеуетін арттыруға арналған маңызды алаң болмақ. Біз Кеңеске мүше мемлекеттердің барлығымен осындай ынтымақтастық орнатуға дайынбыз. Серіктестерімізді «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндіктерін белсенді пайдалануға шақырамыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, келіктранзит саласын дамыту маңызды. Қазіргі таңда мемлекеттеріміз көлік бағыттарын әртараптандыру үшін белсенді шаралар қабылдап жатыр. Түрлі инфрақұрылымдық және логистикалық жобалар қолға алынуда. Атап айтқанда, Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік дәлізін одан әрі дамытуға баса мән береді.

– Біз бұл бағыт арқылы жүк тасымалын дәйекті түрде ұлғайтуға ниеттіміз. 2030 жылға қарай жыл сайын 500 мың контейнерге дейін жүк жеткізуді жоспарлап отырмыз. Бұдан бөлек, Қазақстан «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізін дамыту шараларын қабылдауда, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға келесі бағым бағыт ретінде атап өтті. Орталық Азия мемлекеттерінің аумағында 30 миллиард тоннадан астам барланған мұнай қоры және 20 триллион текше метрден астам газ қоры бар. Бұл аймақтың мұнай мен газ көлемі жағынан әлемде Араб түбегінен кейін екінші орында екенін көрсетеді.

– Қазақстан ОПЕК+ келісімінің қатысушысы ретінде осы ұйымға мүше елдермен ынтымақтастықты жоғары бағалайды. Біз жан-жақты қарым-қатынасты тереңдету тусуға дайынбыз. Елімізде энергия ресурстарын тасымалдау бағыттарын әртараптандыру үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Сонымен бірге Қазақстан өндіруші жаңа қуат көздерін дамытуға және жаңғыртуға баса мән береді. Геологиялық барлау және өндіру ісіне озық тәжірибе мен технологияны енгізуге айрықша көңіл бөледі. Сондай-ақ заманауи мұнай-химия өнеркәсібін өркендетуге басымдық береді. Қазақстан Шығанақ елдерінің ірі энергетикалық компанияларымен тығыз қарым-қатынас жасауға дайын. Әсіресе, «жасыл энергетика» саласында бірлесіп жұмыс істеуге ниетті. Мысалы, Саудияның «ACWA Power», Әмірліктердің «Masdar» және Қатар компаниялары жобаларының келешегі зор. Жуырда Шанхай

ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының кеңесі өтті. Сол жиында мен Қазақстанда Халықаралық энергетикалық форум өткізуді ұсындым. Ынтымақтастық кеңесіне мүше елдердің мұнай мен газ экспорттайтын кәсіпорындарын осы іс-шараға қатысуға шақырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты мәселеге арнайы тоқталды. Сондай-ақ Қазақстан Араб елдеріне ауыл шаруашылығы тауарларын экспорттау көлемін ұлғайтып, олардың құрылымын әртараптандыруға мүдделі екенін айтты.

– Еліміз – әлемде бидай мен ұн өндіретін ең ірі он мемлекеттің бірі. Араб әріптестеріміздің «орғанниқ және «халал» өнімдерін өндіру, өңдеу және сертификаттау тәжірибесі мен мүмкіндігі мол. Сондықтан оларға сұраныс жоғары. Осы арада стандарттарды, техникалық реттеу және сертификаттау жүйесін үйлестіру маңызды. Бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру қажет деп санаймыз. Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды нығайтып, осы саладағы ынтымақтастықты дамыту үшін Ауыл шаруашылығы министрлерінің кездесу тетігін құруды ұсынамын, – деді Президент.

Бұдан бөлек, Президент аймақаралық туризмді дамытуды ынтымақтастықтың келесі басым бағыты ретінде атады.

– Орталық Азияның туристік әлеуеті зор. Мұны тиімді пайдалану қажет. Сондай-ақ туризм индустриясы – аймақ экономикасының тез дамып келе жатқан саласының бірі. Осыған орай туризмнің мәдени-танымдық, экологиялық, спорттық, сауықтыру және іскерлік салаларын бірлесіп дамытуға дайынбыз. Бұл туристік бағытты ілгерілетуге ықпал етеді. Бүгінде Қазақстан ынтымақтастық кеңесіне мүше барлық мемлекет үшін визасыз режим енгізді. Сонымен қатар сіздердің астаналарыңызбен тікелей әуе қатынастарын жолға қойды, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзінің соңында ұсынылған бастамалар Қазақстанның өзара орнықты даму мен өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған ынтымақтастықты нығайтуға деген ұмтылысын растайтынын жеткізді.

Сонымен қатар «Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесінің» бірінші саммитіне Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд, Бахрейн Королінің гуманитарлық жұмыс және жастар ісі жөніндегі өкілі, Ханзада шейх Насер бен Хамад Әл Халифа, Қатар Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни, Кувейттің Тақ мұрагері шейх Мешаль әл-Ахмед әл-Джабер ас-Сабах, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай Әмірлігінің Билеушісі шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум, Оман Сұлтанаты Премьер-министрінің орынбасары, Ханзада Асад бен Тариқ Әл Саид, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Шығанақтағы араб мемлекеттері ынтымақтастық кеңесінің бас хатшысы Жасsem Мұхаммед әл-Будауи қатысты.

«Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастығы кеңесі» бірінші саммитінің қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

AKORDA.kz

### ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ «АУЫЛДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫРТУ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫН ЖЕДЕЛДЕТУДІ ТАЛАП ЕТТІ



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайловтың төрағалығымен өткен ОМО деген ЖАО өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру штабында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният алдағы екі жылда ауылдарда жаңа 655 алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету нысандарын салу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Олардың қатарында физиотерапия кабинеті мен дәріхананы, фельдшерлік-акушерлік бекеттерді (ақпараттандыру кабинеті қосылды) және дәрігерлік амбулаторияларды (ЕДШ залы қосылды) қамтитын заманауи медициналық бекеттер бар.

Физиотерапия кабинеттері электротерапия, магнитотерапия, ультрадыбыстық терапия, фототерапия, ультрақұлгін терапиясы, ингаляторлар және басқа да құрылғылармен жабдықталатыны атап өтілді. ЕШД залында ұсақ моториканы қалпына келтіру мен дамытуға арналған түрлі тренажерлер, эрготерапияға арналған стендтер, швед қабырғасы, кинезотерапияға арналған жабдықтар қарастырылған. Сонымен қатар барлық жаңа МСАК нысандары телемедицианы ұйымдастыру үшін компьютерлік және медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Ұлттық жоба шеңберінде инсульт және кардиологиялық орталықтар, оңалту, травматология және ор-

топедия, хирургия, реанимация, қарқынды терапия бөлімшелері ашылып, көпбейінді орталық аудандық 32 аурухананы жаңғырту және күрделі жөндеу, сондай-ақ заманауи медициналық жабдықтармен жаратқандыру жұмыстары жүргізілуді.

Сонымен қатар ауылдық денсаулық сақтау мекемелері үшін 1100 медицина қызметкерін даярлау жоспарланауда, олардың арасында дәрігерлер, медбикелер, фельдшерлер мен акушерлер бар.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев жаңа медициналық нысандардың үлгілік жобаларын жергілікті жағдайға бейімдеу жұмыстары туралы айтты.

Ұлттық жобаның өңірлерде жүзеге асырылу барысы туралы Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев және Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев баяндады.

Ұкімет басшысы жиынды қорытындылай келе, үлгілік жобаларды жергілікті жағдаймен байланыстыру, сондай-ақ құрылыс алаңдарына инженерлік коммуникациялар мен жол тарту жұмыстарын жеделдетуді талап етті.

Сонымен қатар Әлихан Смайлов Денсаулық сақтау министрлігі Ұлттық жобаны үйлестіру мен бақылауды күшейтуі қажет екенін атап өтті.

primeminister.kz

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ МЕКЕМЕЛЕРІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫСЫ КӨТЕРІЛДІ



денсаулығына қауіп төндіретін жұмыс үшін қосымша ақы белгілеу көзделген. Еңбек жағдайлары ерекше құрылымдардың қатарына жануарлар дүниесін қорғау, орманды қорғау және қалпына келтіру, мемлекеттік орман қорғау және т.б. мамандандырылған ұйымдар жатады.

Енді қызметкерлердің орташа жалақысы атқаратын қызметі мен жұмыс етіліне байланысты 101 мыңнан 320 мың теңгеге дейін ұлғаяды.

Жалпы осы салада 12 876 қызметкердің жалақысы көтеріледі. Бұл шара білікті кадрлардың тұрақтап қалуына және жалпы жұмыстың тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Құжатта адам өмірі мен primeminister.kz

# БАСПАНА БАСТЫ МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛЫП ТҰР



**Облыс әкімі Бейбіт Исабаев тұрғындармен кезекті қоғамдық қабылдау өткізіп, жұртшылықтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерге қатысты қойған сұрақтарына жауап берді. Жалпы әкім қабылдауына 14 адам кірді. Аймақ жетекшісіне өз басындағы жағдайды айтушылардың басымы бөлігі тұрғын үй мәселесін көтерді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**



Қабылдауға алғаш болып кірген Серікбек Найманханов Талдықорған қаласы, Құрманғазы көшесіндегі жеке секторлы үйлердің маңайындағы балалар алаңының тозығы жеткені туралы және «Жаңа ғасыр» көшесіндегі жасалынбай жатқанын айтты. Балалар алаңы бойынша аймақ басшы-

сы жуырда конкурс өтіп, мердігер компания анықталғанын жеткізді. Қазан айының соңына дейін балалар алаңының жұмысы толық аяқталады. Ал көшенің жөндеу жұмысы тамыз айының соңында бітеді екен. Еңбек ауылының тұрғыны Нағима Сеитбаталова мүмкіндігі шектеулі ұлы Жаносқа мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй берілсе деген өтінішпен келіпті. – Бір үйде үш отбасы тұрамыз. Балам ауырады. Келінімнің жүрегіне ота жасалған. Сондықтан бізге тұрғын үй қорынан үй алып берсеңіздер. Кезегіміз қайта-қайта сырғы береді. Өзіміз қимылдап грант алсақ па деп едік, оны да қабылдамады. Әбден қажып кеттім, – дейді зейнеткер ана.

Бұл мәселе бойынша Бейбіт Әксіқбайұлы: «Кезекке жәй тұрып қалыпсыздар. Қазір 2006-2008 жылы тұрғын үй кезегінде тұрғандар баспаналы болып жатыр. Ал сіздер 2014 жылы үйіміз жоқ деп тіркеліпсіздер. 4-5 жылда үйдің кезегі келеді. Біз тұрғындар ба-

спана бақытына жету үшін қызмет етіп жүрміз. Быылдың өзінде 2000-ға жуық пәтер кілті табысталады», – деп үй кезек ретімен берілетінін жеткізді. Сонымен қатар, жауапты мамандарға грант, әлеуметтік көмек жағынан барынша қолдау білдіруді жүктеді. Қала әкіміне зейнеткер ананың кезегі неге сырғы беретінін тексеруді табыстады.

Еркін ауылының тұрғыны, зейнеткер ана Ауесхан Мажайқызы бір әулеттің бес ғасырдан бері тұтынған 3 мың данаға жуық аңшылық, зергерлік, саятшылық, ат өзбелдері, тұрмыстық құрал-жабдықтарды қалай сақтап, бүгінге жеткізгенін әңгімелеп, осы жәдігерлерді ұрпақ өнегесі айналдыратын отбасылық мұражай ашуды көптен бері армандап жүргенін облыс әкіміне жеткізді. Сондай-ақ, өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жетісу жұртшылығымен кездескен кезде Ауесхан апаның сақтап бүгінге жеткізген мұраларын жоғары бағалап, «Парасат» орденін өз қолымен таққан болатын. Жыл басында Ауесхан Мажайқызы отбасылық мұражай ашу туралы Президентке де хат жазып, өтініш білдірген екен. Бірақ, бұл өтінішті жергілікті органға шешім ету тапсырылған.

**«Отбасылық мұражай ашу үшін сіздерге орын алып беремін. Бірақ, оның суы, жарығын төлеп отыра аласыздар ма? Болмаса, құнды жәдігерлеріңізді мемлекетке сыйлық ретінде табыстаның. Біз жәдігерлердің астына сіздердің отбасыларыңыз табыстады деп жазғызамыз. Бұл жайлы алдағы уақытта ақылдаса келіп нақты жауап беретін боламыз», - деді Б. Исабаев.**

Тұрғындар денсаулық, баспана, оқу гранты мәселесі бойынша туындаған сұрақтарын қойды. Сауалдардың барлығы хаттамаға енгізіліп, тиісті басқармалар мен аудан-қала басшыларына нақты тапсырма берілді.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# «АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕ АҚ БҚДАД ТАЛАБЫН ОРЫНДАДЫ

**Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті (әрі қарай — Департамент) «Көксу жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (әрі қарай — Кәсіпорын) жүзеге асырылатын қызмет түрлерін кеңейтуге келісім беру туралы өтінішхатын қарастырды.**

Осы өтінішхатты қарау барысында, Департаментпен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Жетісу облысы бойынша филиалының Көксу аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінің (әрі қарай — Бөлім) бұйрығымен Кәсіпорынның мемлекеттік қайта тіркеуден өткені анықталды. Кәсіпорынның мемлекеттік қайта тіркеуден өтуіне негіз: қосылу жолымен қайта ұйымдастыру, жарғының жаңа редакциясы, жарғылық капиталдың ұлғаюы, қызмет

түрлерінің және атауының өзгеруі. Алайда, Кәсіпорын қызмет түрлерін кеңейтуге монополияға қарсы органның келісімін алған жоқ, бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 192 – бабының 4-тармағындағы талап аясында орындалмағандығын көрсетеді.

Осылайша, Бөлімнің іс-әрекетінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын монополияға қарсы органның келісімінсіз мемлекеттік кәсіпорынның мемлекеттік қайта тіркеу бөлігіндегі бұзушылықтардың болуы анықталды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Департамент Бөлімге қатысты Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы Нұсқама шығарды.

Қазіргі таңда қосылған қызмет түрін Бөлім алып тастап, Нұсқаманы орындады.

# ҚАЗАҚСТАН ЕАЭО ШЕҢБЕРІНДЕ КЕЗЕКТІ ТОСҚАУЫНДЫ ЖОЮҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

**2023 жылғы 11 шілдеде ЕЭК Алқасы Қырғыз Республикасында ЕАЭО елдерінде өндірілген ауыл шаруашылығы техникасына қатысты қолданыста болған тосқауылды жойылды деп таныды.**

Тосқауылдың әрекеті бойынша Қырғызстанда өндірілген ауылшаруашылық техникасын сатып алу кезінде қырғыз фермерлеріне ҚҚС төлеуден босату берілді.

Мәселен, ауыл шаруашылығы техникасын өндіретін қазақстандық кәсіпорындарға Қырғызстан аумағында ҚҚС төлеуден босату үшін кедендік құны 500 000 сомнан аз (шамамен 2,6 млн. теңге) тауарлар жеткізу қажет болады.

Бұл ретте қырғыз кәсіпорындары мұндай шарттарсыз ҚҚС төлеуден босатылды.

2021 жылы Қазақстан Республикасының бастамасы бойынша Қырғыз Республикасының аталған әрекеттерін ЕЭК Алқасы ЕАЭО ішкі нарығындағы тосқауыл ретінде таныды.

2022 жылы Қырғыз Республикасы осы тосқауылды жою мақсатында бірқатар шаралар қабылдады.

Алайда, Қазақстан тарапының пікірінше,

қабылданған шаралар Қырғыз Республикасында және ЕАЭО-ның басқа елдерінде өндірілген ауыл шаруашылығы техникасына салық салудың тең емес жағдайларын жою үшін жеткіліксіз болды. Тосқауыл әлі де сақталып қалған.

Қырғызстан 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 78 заңмен Қырғыз Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізді, оған ЕАЭО елдерінде өндірілген ауыл шаруашылығы техникасының құны бойынша шектеулер алынып тасталды, сондай-ақ ресми түсініктемелер берді.

ЕЭК алаңында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен бірқатар консультациялардың қорытындысы бойынша Тараптар тосқауылды жойылды деп тануға келісті.

Енді Қазақстан Республикасында және ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттерде өндірілетін ауыл шаруашылығы техникасының қырғыз техникасымен бірдей шарттары бар және осындай техниканы Қырғызстанға жеткізген кезде ҚҚС төлеуден босатылады.

gov.kz

# ДІН – ҚАЗІРГІ ЗАМАНЫҒЫ ҚАУІПТЕР МЕН ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСТЫ ҚҰРАЛ



**Еліміз егемендік алғаннан кейінгі кезең де біздің қоғамдық санада төңкеріс басталды. Бұл, әрине, біздің жаңа құндылықтарға деген көзқарастарымыздың қалыптасуына жол ашты.**

Өкінішке орай тәуелсіздікпен қатар, халқымызды тарихи-мәдени тамырын ажыратып, ұлттық бірлігін ыдыратуға, діни сана-сы мен дүниетанымын өзгертуге бағытталған үдерістер орын ала бастады. Осылайша жаһандану жағдайында қазақ қоғамының ұлттық және мемлекеттік бірегейлігін сақтау үшін өзіміздің ұлттық болмысымыз бен тәлтума мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды танып-білу, ұлттық бет-бейнемізді жоғалтпай, болашақ ұрпаққа ұлттық

еліміздегі діни ахуалдың ұлттық мәселеге тікелей қатысты екендігін көреміз.

Дін қазіргі әлемде кез-келген елдің ішкі саяси-әлеуметтік жағдайына араласып, тұрақсыздықты тудырудың факторына айналып отыр. Ел ішіндегі террорлық әрекеттердің пайда болуына бірнеше факторлар әсер етеді:

- Халықтың әлеуметтік жағдайы;
- Діни сауаттылықтың төмендігі;
- Заңдардың әлсіздігі;
- Адамдар өмір сапасының төмендігі;
- Ішкі әлеуметтік саяси фактордың әсері.

Сондықтан діни тұрақтылық ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Діни тұрақтылық қоғамның топтасуына ықпал етіп, дін ықпалынан туындайтын сыртқы және ішкі қауіптерді залалсыздандыруға мүмкіндік береді. Осы жағдайда Қазақстанға «өз» исламына бағдар ұстануға тура келеді және ол «қазақы» болғанымен, дәстүрлі исламнан алшақтай қоймайды әрі өзін бүкіл мұсылман әлеміне қарсы қоймайды[4, 12-бет].

Дін – жоғалтуға болмайтын рухани қазына. Халықтың жан дүниесін рухани жағынан сауаттандырып, саяси жағынан бейбітшілікке, бірлікке шақырып, халықты достықта мығым ұстай алатын мемлекеттік мәртебеге көтереді. Қандай жағдай болмасын, еліміздегі әртүрлі діни құбылыстарға төтеп беру үшін діни сауаттылықпен қатар біртұтастық пен бірлігіміз керек.

**Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты**

# НАО «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВА ДЛЯ ГРАЖДАН» ИСПОЛНИЮ ТРЕБОВАНИЕ ДАЗЫК



**Департаментом Агентства Республики Казахстан по защите конкуренции по области Жетісу (далее — Департамент) рассмотрено ходатайство государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Көксу жылу» (далее — Предприятие) о предоставлении согласия на расширение осуществляемых видов деятельности.**

В ходе рассмотрения данного ходатайства Департаментом установлено, что согласно приказу Отдела Коксуского района по регистрации и земельному кадастру филиала НАО «Государственная корпорация «Правительства для граждан» по области Жетісу (далее — Отдел), предпри-

ятие прошло государственную перерегистрацию.


Основанием для государственной перерегистрации данного Предприятия послужили: реорганизация путем присоединения, новая редакция устава, увеличение уставного капитала, изменение видов деятельности, переименование.

Однако, Предприятие не получило согласие Агентства по защите развитию конкуренции на расширение видов деятельности, чем нарушило пункт 4 статьи 192 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан

Таким образом, в действиях Отдела установлено нарушение законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции, в части государственной перерегистрации государственного предприятия без согласия антимонопольного органа.

На основании вышеизложенного, Департаментом в отношении Отдела вынесено Предписание об устранении нарушений законодательства Республики Казахстан в области защиты конкуренции, которое на данный момент исполнено - путем исключения добавленного вида деятельности.

# МЕДИАЦИЯ – КЛЮЧ ЭФФЕКТИВНОГО РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ



Многие из нас сталкиваются с конфликтами и спорами в нашей жизни, будь то на работе, в семье или в сфере общественных отношений. И, к сожалению, эти неприятности часто приводят к сложностям и неурядицам. Возможно, секретом эффективного разрешения споров между сторонами является медиация – процедура, которая получила широкое признание в нашем правовом обществе.

Медиация – это процесс разрешения споров, включающий участие независимого и нейтрального посредника, известного как медиатор. Важно отметить, что медиатор не является судьей, а скорее поддерживает стороны спора в поиске взаимовыгодного решения. Вместо

определения, кто прав и кто виноват, медиация нацелена на поиск конструктивных решений.

Особенности медиации. Медиация – гибкая, неофициальная и неформальная процедура. Стороны активно участвуют в процессе и приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт и знания медиатора. Ключевыми принципами медиации являются добровольность, равноправие сторон, независимость и беспристрастность медиатора, конфиденциальность и отсутствие вмешательства в процесс. С 1 января 2016 года судебная медиация была закреплена на законодательном уровне в новом Гражданском процессуальном кодексе. Это позволяет сторонам судебным процессом обратиться к медиатору и попробовать

решить свои разногласия без длительных и дорогостоящих судебных разбирательств. Медиация проводится под руководством судьи, который следует нормам, установленным Законом «О медиации» и ГПК.

Преимущества медиации. Основной целью медиации является достижение взаимоприемлемого решения для обеих сторон. Преимуществами этого подхода являются экономия времени и ресурсов сторон и суда, минимизация нравственных и материальных потерь, а также снижение уровня конфликтности между сторонами. При достижении соглашения об урегулировании спора, судья утверждает и завершает производство по делу. Медиация применяется для разрешения споров, связанных с гражданским, трудовым, семейным и другим правоотношениями, включая уголовное судопроизводство по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести и об уголовных проступках.

Эффективное использование медиации может значительно улучшить качество нашей жизни и способствовать установлению гармоничных отношений в обществе. Открытость и доверие к медиации помогут построить более справедливое и созидательное общество, где каждый имеет возможность выразить свои интересы и найти взаимовыгодное решение своих споров.

Гульжазира САДАБАЕВА  
Председатель Ескельдинского районного суда

# МЕДИЦИНАЛЬНЫЕ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ: ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП

**Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры БАҚ пен әлеуметтік бірқатар желілерде көтерілетін бірқатар өзекті мәселелер бойынша түсініктеме береді.**

Біріншісі - жиі қойылатын сұрақтардың дені сақтандырылған адамдарға ұсынылатын медициналық қызметтердің қолжетімділігіне қатысты.

МӘМС жүйесі енгізілген бері медициналық көмектің қолжетімділігі айтарлықтай өсті. Мәселен, жүйе іске қосылғанға дейін КТ және МРТ секілді қымбат зерттеулер халықтың 8 әлеуметтік осал санатына ғана қолжетімді болды.

Қазір бұл қызметтер «сақтандырылған» мәртебесі бар кез келген азаматқа қолжетімді. 2019 жылы емханалар арқылы 201 мың КТ және МРТ қызметі көрсетілсе, 2022 жылы көрсетілген қызмет саны 1 млн 400 мыңды құрады. Яғни көрсеткіш 7 есе жоғары.

Сол секілді ересек пациенттер алғаш рет шұғыл емдеуді қажет ететін жүрек-қан тамырлары, неврологиялық, онкологиялық, буын аурулары, жарақаттар секілді дерт түрлерінен кейін оңалту мүмкіндігіне ие болды.

Жалпы, 253 мың ересек адам мен бала МӘМС есебінен стационарларда оңалту шараларынан өтуге мүмкіндік алды. Жыл сайын буын ауыстыру операциялары 4 мыңға көбейді. Бедеулік диагнозымен бетпест келген 7000 ерлі-зайыптыға ЭКО-ны тегін алуға жол ашылды.

МӘМС арқылы көрсетілетін стоматологиялық көмек 5 есе арт-

ты. Тегін дәрі-дәрмекпен, соның ішінде сирек кездесетін орфандық ауруларға ұшыраған 3,9 миллион адам өте қымбат дәрі-дәрмекпен қамтылды. Бұрын бұл көрсеткіш 1,5 миллион адамға аз еді.

Екіншісі - медициналық көмекке жүгінбеген жағдайда МӘМС жарнасын қайтару мәселесіне қатысты. Медициналық сақтандыру қоры мұндай тәсіл халықты қаражатының бір бөлігін қайтару үшін ауырып тұрған кезде де медициналық көмекке жүгінбеуге итермелейді деп есептейді. Осының салдарынан жедел, созылмалы және әлеуметтік маңызы бар аурулар көбейіп, халықтың денсаулығы тым нашарлап кетуі мүмкін. Сонымен қатар күрделі әрі ауыр жағдайдағы ауруларды емдеуге мемлекет кепілдік береді. Бұл мемлекеттік бюджетке қосымша жүктеме түсіреді әрі тікелей салықтарды көбейтуді талап етеді. Халықаралық тәжірибеде мұндай тәсілдер қолданылмайды.

Үшіншісі - халыққа медициналық көмек көрсетуден бас тарту мәселесіне қатысты. Қор азаматтардың ӘМСҚ-ның өңірлік филиалдарына жолдаған өтініштерін мониторингілеу деректері бойынша, соңғы кезеңде медициналық көмек көрсетуден бас тартуға қатысты шағымдар түспегенін, медициналық қызмет көрсетушілердің барлығы штаттық режимде жұмыс істейтінін хабарлайды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

# ФОНД МЕДСТРАХОВАНИЯ ДАЛ РАЗЪЯСНЕНИЯ ПО РЯДУ АКТУАЛЬНЫХ ВОПРОСОВ, ПОДНИМАЕМЫХ В СММИ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ

Первый, часто задаваемый вопрос касается доступности медицинских услуг для застрахованного населения.

С внедрением ОСМС доступность медицинской помощи значительно увеличилась. Вот простой пример, до внедрения ОСМС дорогостоящие исследования КТ и МРТ были доступны только 8 социальным уязвимым категориям населения.

Сейчас любой застрахованный гражданин может получить эти услуги. В 2019 году через поликлиники было оказано 201 тыс. КТ и МРТ, а в 2022 году 1 млн. 400 тыс услуг, то есть в 7 раз больше.

Впервые взрослые пациенты после острых заболеваний получили возможность реабилитации – при сердечно-сосудистых, неврологических, онкологических заболеваний, травм, операций на суставы.

В целом 253 тысячи взрослых и детей за счет ОСМС в стационарах получили медреабилитацию. Ежегодно на 4 тысячи операций больше стало по замене суставов. 7000 супружеских пар, столкнувшихся с диагнозом «бесплодие», получили уникальную возможность стать родителями.

Стоматологическая помощь в ОСМС увеличена в 5 раз. Бесплат-



ными лекарствами, в том числе очень дорогими при редких орфанных заболеваниях, стали обеспечиваться 3,9 млн. человек, раньше на 1,5 млн. человек меньше.

Второй вопрос касается возврата взносов ОСМС в случае не обращения за медицинской помощью.

В Фонде считают, что такой подход приведет к мотивации населения не обращаться за медицинской помощью даже при болезни, чтобы вернуть свои средства. В результате

возникает риск увеличения острых, хронических и социально значимых заболеваний, ухудшение состояния здоровья населения. Кроме того, лечение тяжелых заболеваний и состояний гарантированы государством, а это создаст дополнительную нагрузку на госбюджет и потребует увеличения прямых налогов. В международном опыте такие подходы не применяются.

По третьему вопросу относительно отказов медпомощи населению, Фонд информирует, что по данным мониторинга обращений граждан в территориальные филиалы ФСМС, в последний период не поступало жалоб на отказы в медпомощи в тех или иных медорганизациях, все поставщики медуслуг работают в штатном режиме.

Филиал по области Жетісу  
НАО «Фонд обязательного социального медицинского страхования»

# КАК ОБРАТИТЬСЯ В СУД С ИСКОМ: ВАЖНЫЕ ШАГИ И ПРАВИЛА



Конфликты и споры возникают в жизни каждого человека, и иногда их разрешение требует помощи судебной системы. Однако необходимо знать, что просто подача искового заявления в суд недостаточна для начала рассмотрения дела. Важно соблюдать ряд формальных требований, чтобы обеспечить правильный ход судебного процесса.

Шаг 1: Подготовка искового заявления. Исковое заявление является ключевым документом, с которого начинается судебное разбирательство. В нем должны содержаться просьба к суду о рассмотрении спора о праве и четкие формулировки требований истца. Подготовка искового заявления является ответственным этапом, и важно обратиться к юристу или адвокату для правильного оформления.

Шаг 2: Прилагаемые документы. Важно не только предоставить исковое заявление, но и приложить определенные документы.

К ним относятся:

1) Копии искового заявления и всех приложенных документов, которые направляются ответчику или его представителю, а также третьим лицам.

2) Документы, подтверждающие соблюдение досудебного порядка урегулирования спора, если такой порядок предусмотрен законом или договором.

3) Ходатайства истца об истре-

бовании доказательств, если они находятся у ответчика или у третьего лица.


4) Копии устава, свидетельства или справки о государственной регистрации (перерегистрации), если истцом является юридическое лицо.

Шаг 3. Важные нюансы искового заявления. Необходимо тщательно следить за тем, чтобы исковое заявление соответствовало требованиям к форме и содержанию. Нарушение этих требований может привести к возвращению иска судьей. Важно убедиться, что документы, подтверждающие направление копий ответчику и третьим лицам, досудебного порядка урегулирования спора и другие требуемые документы приложены в нужной форме.

Шаг 4. Встречный иск. Возможно, ответчик также желает предъявить свои претензии вам. В таком случае он может предъявить встречный иск. Встречный иск подается до окончания подготовки дела к судебному разбирательству по основному иску и исчисляется срок его рассмотрения со дня окончания подготовки основного дела.

Подача искового заявления - важный шаг для начала судебного разбирательства. Важно следовать правилам и соблюдать требования к содержанию документов, чтобы избежать от ненужных проблем и возврата иска. Обратиться к юристу или адвокату, чтобы получить профессиональную помощь и максимально эффективно защитить свои права в суде. Это обеспечит успешное разрешение спора и восстановление справедливости.

Ұлан МАМЫТБЕК,  
Судья Ескельдинского районного суда



# ҚАЗЫБЕК БИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘУІРІ



Жоңғария хандығына елшілік, бітімшілік, мәмлелерлік міндетпен үш рет барған Қаз дауысты Қазыбек нақ сол жылдарда ойраттарда болуға тиіс» (6) – деген тұжырым жасайды.

Бірақ, біз үшін тарихи даталардан гөрі Қазыбекті «Қаз дауысты» деп Жоңғар хонтайшысының атағандығы, Қазыбектің екі иығынан от шашқан екі аюдың осы сапарда көрінгендігі, ең маңыздысы – шешендік өнерге бет бұрған Қазыбектің шығармашылық айбынын асырған, тегеурінді даналық сөздерінің шешендік өнер тарихынан терең із қалдыруы. Ұлы бидің тұтас елге танылу сапары осылай басталса керек.

Әрине, дәл осы елшілік жөнінде жазылған құжаттың өзінше жоқтығын ескерсек, ел аузындағы аңыз әңгімелер Ж.Омаридің негіз етіп отырған шындық суреміне бастар бірден бір адастырмас шиыр. Ендеше осы аңыз, хикаяларды салыстырып, салмақтап, екшеп, байқап, содан соң ақиқатқа сәйкес, ұғымға лайықты пікірімізді ұсынуды жөн санадық.

Бір аңыз бойынша былай дейді: «Қанды қырғын ұрыстан кейін бейбітшілік жолымен бітімге келу үшін Қазақ пен ойрат бір-біріне мәмлелер елшілік жібермек болды.

Жоңғария хонтайшысы (сірә, Цеван – Рабтан болса керек) «Қазақтың атақты үш биятын бірі келсін. Аузынан сөзі, қойнынан бәзі түсіп тұрған иіс алмас біреу келсе, бітім болмайды» – деп қолқа салады. Осы хабарды естіген үш би қырандай дүр сілкініп, әрқайсысы өзі бармаққа ниет қылған екен.

Төрте отырған Төкен екі биге кезек қарап, екі етегін қымтанып, екі иығын қомданып қойып, тамағын қырнатып: – Уай, қоң інім, қоң шырағым! Аға боп алдарыңа түсейін деп тұрмын. Ағаң – алдындағы әуелеп өскен дарағың. Інің – қанатың мен құйрығың, қайрап салар жарағың. Артыма сендер барда қанат жайып самғармын, алдаспанды сермермін. Дауласқанды жайғармын, жауласқанды жерлермін. Мен барайын бұл жолға! — депті.

Содан Әйтеке жай оғындай жарқ етіп, жайраң қағып, шапшаңдық танытыпты. – Уай, Төкем! «Аға – бордан, іні – зордан» демей ме. «Іні – найза, аға – қорған» демей ме. Арқамды қорғанға тіремеймін бе, найзамды ерсілі-қарсылы іремеймін бе? Жағаласқанды жапырып, дауымды аршып, күремеймін бе. Менің баруым жөн емес пе? — дейді ғой.

Сол кезде қоңыр қаздың дауысындай дауысын бір жотадан екінші жотаға асыра саңқылдап Қазыбек есіліп кетіпті. – Уай, асыл ағам! Уай, асқақ інім! Ағасы бардың жағасы бар емес пе. Жағасы бардың тоқсан пөледен сақтар панасы бар емес пе. Іңісі бардың тынысы бар емес пе. Тынысы бардың елде – ырысы, жауда – ұрысы, дауда – жұмысы бар емес пе.

Екі би үнсіз бас шұлғып, бірақ тіп қатып, ләм дей қоймапты. Қаз дауысты Қазыбек енді Төле биге еңсеріле бұрылыпты. – Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен. Қазаққа хандыққа жолсыз таласқандар болғанмен, билікке жөнсіз таласқандар болған емес. Ендеше, әділ би, әділетін өзің айт. Аттың басы күшті ме, бели күшті ме, құйрығы күшті ме? – Шырағым Қазыбек, жол бастайды әманда омырауы жүріктің. Бегелекті куарда пайдасы мол құйрықтың. Аттың бели қызметті көп қылар, саған кепті кезегі осы жолғы бұйрықтың. Жай онда қолыңды! Атасызға ата бол!

Батасызға бата бол! Арып-ашқан қаріптің Жел жағына жота бол! Панасызға пана бол, Кек сақтамас бала бол, Дос сүйініп, қас сыйлар, Асу бермес дана бол (8, 118) — деп батасын беріп аттандырып салыпты.

Хош. Қазақтан келген елшілерді сынау үшін хонтайшы қарапайым киініп, белін жіппен бұнып, түсіне көрлік сипат ең беріп, жотасына бөстек-өркеш өңгеріп, Қазыбектер түскен үйге келеді. Әңгімеден

әңгіме туындап, бара-бара сұрақ-жауап додасы басталып кетеді.

– Әуелінде не бар? Ортасында не бар? Ақырында не бар? — деп бүкір кейіндегі хонтайшы Қазыбекке шаншыла қарайды.

– Арга мінәжат етілсе, барға қанағат етілсе, әуелінде ынтымақ, ортасында береке, артында шүкірлік тұрмас па, — деп Қазыбек бір түйіп қойыпты.

– Аспан мен жердің арасы қаншалық жол? — деп «бүкір» хонтайшы қыңырап қадалыпты.

– Бір-ақ шақырым жол ғана. Олай дейтінім, ешкім аспан мен жердің арасын құлаштап өлшеген жоқ, қадамдап басқан жоқ. Күн күркіреп жауғанда, ел дүрлігіп сасатын, құлақтарын басатын. Сонда күн күркірі шақырым жерден жететін. Кемпір-қосақ құрылып, аспан мен жерді табыстырып кететін. Доғаланған иіні шақырымдай-ақ жерден өтетін, — деп Қазекең тағы бір қайырып тастапты.

– Батыс пен шығыстың арасы қаншалық жер? — деп кірпіше жиырылған хонтайшы кіржие қалыпты.

– Небәрі күншілік жер ғана. Олай дейтінім, аздаң шығыстан атқан құн ымырта батысқа шаршап батады. Күншілік жер жүріп өтіп ұясында қалжырап жатады. Ал кереметті көзбен көрген, шығыс пен батыстың арасында зымыраған күнге ерген адамзатты естіген емеспін, — деп соңғы рет кесіп түскенде, хонтайшы үн-түңсіз шығып жүре беріпті.

Содан көп кешікпей келіссөз басталып кеткен ғой.

«Біз Қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз...» — деп басталатын атақты дауын Қаз дауысты Қазыбек бабамыз дәл осы сапарында айтуы да мүмкін деген пікірді қостағымыз бар. Не десек те, осы елшілік екі елдің арасындағы дау-жанжалды бейбіт жолмен тындырып, бітім тапқызып, екі елдің жер шебін белгілетсе керек (6).

Ойрат пен Қазақ бітімінен кейін тұтқын алмастыру болған ғой. Сол кезеңнің тағы бір үлгілі аңызына құлақ түзейік.

«Сол жолғы сапарынан туған жерге оралып келе жатқан Қазыбек шағын тобымен жол-жөнекті Қоңырат руының бір жігітінің үйіне қонып қалыпты.

Қонақжай қазақ дәстүрімен қолын құсырып, қойын сойып, құрақ құшып қымызын ұсынған үй иесінің жүзі сынық, көңілі күпті көрінген ғой. Қонақтар әліптің артын бағып, суырыла сөйлеп, сұғына қоймапты. Ет пісіп, табаққа түсіп қонақтар алдына келіп те қалады. Сыйлы меймандардың мүшелі сыйбасғанын турап берген жігіт енді бір табақ етті майдалап кесіп, құрулы тұрған шымылдықты түріп қалып, ағаш төсекте жатқан иттің алдына апарып қойыпты.

Қонақтар аң-таң боп, үнсіз отыра берген ғой. Жігіт сыртқа шығып кетіп, үй қасындағы үйшіктен үсті-басы алба-жұлба, мойнына дорба салған, шашы ұйысқан, бет-аузы тырысқан, көзі кіртіген, өңі оңған бір-бірі ертіп кіріп, итаяқтағы сүйек-саяқты алдына итере салыпты.

Қазекең тіксініп қалып, қолын майлыққа сүртіп, кейін шегініп арқасын жұкаяққа сүйеп, қасын қиғыштай кере үй иесіне шаншылып қарапты. Жігіт те түйсіксіз болмаса керек, қолын кеудесіне төсеп, бас иіп, хикаясын бастап кетіпті.

Сөйтсе, келіншек жігіттің қыздай айтырып алған әйелі екен. Содан бірер жыл бұрынғы ойрат шабуылында қолды боп кетіпті. Қазақ-ойрат бітімінен кейін келіншегі іздеп барған жігітті некелі жауы кеудеден итерген ғой. Тұтқында жүріп тұрмыс құрған ойрат күйеуіне әбден бауыр басып алған бөтшағар шіркін бұрынғы қазақ отағасына пысықырып та қарамай қойыпты. «Қолға түскендерді тегіс қайтару керек» дейтін хонтайшы өміріне бас иген ойраттың жігіті: «Көнесе, алып кете бер» деп мәрттік танытыпты. Әйелді иліктерге алмай әбден мысы құрыған жігіт: «Алыстан әдейі іздеп келіп ем, ең болмаса әудем жер шығарып сал» деп келіншекке жазынады.

Амалсыз ілескен әйелді ұзап шыға беріп, мойнына қыл шылбырды тастап жіберіп, артына қағып салып, іліп ала жөнеледі. Ер жігіттің аты – қанаты. Түнімен құйғытып, таң ата Қазақтың жер шебіне жетті деген мезетте артынан шаң көрінеді. Жарамды атпен қуып жеткен кең жауырылды ойрат күйеу екен. Анадайдан айқайлап, дабылды қағып қалады ғой. «Енді бұл әйелді жеңген алар. Кел, бауырым. Сенімен аянбай бір ойнайын!», — деп қылышын ала ұмтылады. Жігіт те аттан қарғып түсіп, қарысына шыға беріпті. Дәл сол кезде әйел жігіттің аяғынан шап беріп, екеулеп жерге алып ұрады. Ойраттың астына түсіп, әлгелі қалғанда күшігінен асыраған иті жауын жарып тастапты. Содан бері өмірін сақтап қалған итті қадірлеп, иттік жасаған әйелге итаяқтан ас беріп жүрген екен» (6).

Қаз дауысты Қазыбек ұзақ ойлануы отырып, бір кезде қоңыр Қаздай қаңкыл дауысты көмейден төгіпті деседі: «— Жүрекке әмір жүрмейтінін білмей, құштарлықтың қызыл тілді күрмейтінін білмей, сен жүректі білекпен жеңбек болыпсың. Құшағына өктемдікпен еңбек болыпсың. Сенің өктемдігіңе көнбеген бұл айыпты емес, жүрекке ерік берме-

ген сен айыптысың. Одан соң бұл әйел басқаны ұнатқаны үшін емес, жауына болысып, сені құлатқаны үшін айыпты. Сонымен айыпты айып жусын да ашуды ақыл қусын. Бұл әйел түркінін тапсын. Сен өзің өшпенділіктен босап, еркіндігіңді тап!» — деп кесігін шорт кесіпті би бабамыз.

Тағы бір аңыз мынандай бір сыр шертеді. «Дәл осы бітім тұсында әлде келушілердің көзіне түсе қоймаған ба, әлде іздеушісі болмаған ба, қаршадай ғана қозышы қазақ баласы жылқының бас сүйегін құшақтап: «Толыбай сыншының баласы деп мені кім айтады, алдына қара салмаған тұлпардың басы деп сені кім айтады?» — деп еңіреп отырған жерінен хонтайшы әлгіні шақыртып алады.

— Балам, сен тұлпарды танимысың? Онда мыналардың ішінен маған тұлпарды көрсетші, — деп мың-мындаған жылқысын айдап өткізеді.

— Тұлпар жоқ, тақсыр. Ылғи жабы жинапсыз, хан ием! — дейді бала.

— Онда сен маған елімінен тұлпар тауып бересің. Таппасаң, басыңды мен шауып берем! — деп хонтайшы баланың қасына кісілерін қосып, хандығын аралатып жібереді.

Апта жүреді, ай жүреді — тұлпар кездеспейді. «Ханға не деп жауап беремін?» — деп аландап келе жатқан баланың көзі өзінде ағып бара жатқан жылқының тезегіне түсіп кетеді ғой. Қуанған бала: «Тап анау тұлпардың тезегі!» деп айғайлап жіберіпті. Өзенді өрлеп, құйғыта жөнелген бұлар су жағасында дамылдап жатқан саудагерлерге кездеседі. Баланың көзі сал сүйек, көтерем, арқасы жауыр атқа түскен бойда айрылмай қалғанын көріп, қасындағылар әлгіні бір бедеуге айырба-стап алады.

Көтеремді жетектеп хонтайшыға әкеліп көрсетеді ғой. — Тұлақтан тұлпар іздеген бұл ақымақ па, малшыдан сыншы іздеген мен ақымақ па? — деп хонтайшы арық атқа қосырына қарпалты.

— Тақсыр, біздің елде «ерді кебенек ішінде таны, түйені жүк астында көр, тұлпарды бөйгеді сына» деген мақал бар. «Жылқы жануарды күніне мінсе — есек, айында мінсе — ат, жылында мінсе — тұлпар» деген емес пе. Сіз бұлған он қысыр биеден үйір салып беріңіз. Жылында кезегімен біреуін сойып көріп, тұлпардың толған уағын өзіңізге айтып берем, — дейді бала.

Содан әлгі көтерімді үйірге салып, жайлауға айдап кетіпті.

Жылда бір биені сойып байқап жүрсе, жетінші жылғы сойылғанының жілік майы ақ кемік болған көрінеді дейді.

Тұлпардың мүддеге толғанын білген сыншы енді оны баптап, суытуға кіріседі. Сырма тартқан күмістей болған тұлпарды бөйгеге қоспап болады. Хан бұйрығымен бүкіл елден арғымақтар жиналып, күншілік жерге жіберіледі ғой, ө дегенде тұлпар қиқақтап шаба алмай, жарысқа қосқан сәйгүліктердің ең соңында қалып қойыпты дейді. Анау да, мынау да мазақтап ағызып өтеді екен. Бір кезде өз-өзінен еліріп, өршіген ат сөске түсте алдында самғап бара жатқан арғымақтардың бөріні көктей өтіп, күн қыза хонтайшының алдына қара үзіп жетіп барған ғой.

— Аз да болса дәмдес, тұздас болып ем, сау бол, хан ие. Ит тойған жеріне, ер туған жеріне деген. Арманым бір тұлпар еді, міне сұңқар боп еліме ұшып барам, — деп бала жігіт батысты бетке алып, тартып беріпті деседі.

Бұл шақта Толыбай сыншы құсадан жатып қалған екен. Күншілік жерден тұлпардың дүбірін естіп, орнынан атып тұрған көрінеді.

— Тұлпар дүбірін жетіп тұр, қашып шыққан ұлым болар-ал осы!.. Қас тұлпар басын тасқа соқпай тоқтамаушы еді, амалдап баланы түсіріп алайық, — деп Толыбай сыншы арқан көргізіп, кілем төсетіп қойыпты ғой. Әлгі көрілген арқан баланы тұлпардың арқасынан сыпырып қалып, кілемнің үстіне топ еткізіп түсіріпті дейді. Құйғытқаннан құйғытқан тұлпар басын тасқа соғып, меңзең боп, Жиделі-Байсыңға жетіп бір-ақ тоқтаған ғой. Ол жақтағы жұрт оған дейін жылқы тұқымын көрмеген екен деседі аңызда. Бір қария әлгі тұлпарға қарап тұрып: «Бұл өзі төрт тұғы болат жылқы деген мал екен, жүрген жері жаугершілік пәле екен. Құтырғаннан құтылған абзал» деп жануарды атқызып тастапты» — деп аяқталады аңыз.

Халық тағдырының қиын-қыстау шағында, ел өмірінің аса қиын кезеңінде шұғыл жасалатын құбылыстар — төңкерістер, өзгерістер, реформалар әл заманда сол халықты білеген өкімің, басшының пәрменді әрекетімен тікелей байланысты болған. Осы тұста біз қазақ жұртының болашағын, туған халқының тарихтан өшіп кетпеуін тілеген Тәукең, ел ауызында құрметпен Өз Тәуке аталған ұлы ханның еңбегін ерекше атап кеткеніміз жөн. Ол хандық құрған (1680-1718) тұстың бас кезінде бір орталыққа бағынған бұрынғы дербес Қазақ мемлекетінің тұтастығына сызат түсе бастаған еді. Шыңғыс хан тұқымынан тараған төрелер елді іштен ірітсе, сырттан теріскей көршісі Ресей патшалығы мен шығысындағы Жоңғария хандығы қорқаулана қоршай түскен бола-

ты. Бірінші Петр тұсында қатты дәуірлеген Ресей оңтүстік пен шығысқа құлашын кең созып, империясын барынша молайтуға жанталаса әрекет жасап жатқан кез еді ол. Дәл осы кезеңде қазақ жұртының іргесінен дамылсыз шаң боратып, шабуылы мен шаудылығын үдетіп Жоңғар хандығы қатты бел алып тұрған. Ол аздай-ақ Бұқар мен Хиуа хандықтары, төменгі қалмақтар мен башқұрттар «тұрт шайтанды!» қоздырып қойып, саяқ шыққан Қазақтың мал мен жанын қылғып жұтып, құнығып алған еді.

Сондықтан да Өз Тәуке шығысындағы ойраттардан төнген қауіптің алдын алу үшін батысындағы орыс патшалығымен барлық қарым-қатынасты түзеуге мейлінше күш салған. Сауда-саттық, елші алмастыру, дипломатиялық байланыстарды жандандыруда Тәукеңің қызметі өте мол. Және де оның Қазақ хандығын бас сауғалаған кіріптар күйде ұсынбай, іргелі ел, темірқазықты мемлекеті дәрбесінде қабылдапты, батыс-шығыс көршілерімен иығын теңестіріп, терезесін тең ұстап сөйлеуді дәстүрге айналдырғаны көптеген архивтік құжаттардан белгілі. Болжағыштығы мен көрегендігі қауіп-қатердің алдын алғызып, қазақ жұртына көне бастаған зобалаңның бұлты мен түтінін бұрып жібертіп отырғаны да тарихтан мәлім.

Өз Тәукеңі сыртқы басқыншылардан да гөрі әсіресе, ішкі алауыздық қатты қобалжытқан ғой. Содан да ол осы бас араздық, ру таласы, іштей арбасу, аяқтан шалу, шоқ тастап өрт тұтату, үй арасының шаңын қолататын дау-жанжал, ұйқыны алып, шырық бұзатын барымта, сырымталарды азайту, тежеу өшіру үшін хандықтың ішкі жағдайына ерекше назар аударып, мемлекетінің қуш-қуатын арттыруды алдына үлкен мақсат қып қойған-ды. Сол мақсатын түп қазығы — ұлы жүзде билік құрған Үйсін Төле бидің, Орта жүзде әділ қазылық жасаған Қаз дауысты Қазыбектің, Кіші жүзде әділеттік жүргізген Алшын Әйтеке бидің қатысуымен дүниеге келген «Жеті жарғы» еді. Қазақ даласының ереже-қараларының үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп-низамының, салт-дәстүрінің әсем жиынтығы — «Жеті жарғы» Қазақ қоғамына біртұтастық беріп, ынтымақтық талас-тартысты азайтып, бірлікке үндеді. Күншілдік, бақталастық, қызғаншақтық сияқты күйділдік дерттен айықтырып, шаруаға құлшындырып, еңбекке баулып, қарекеттілікке икемдеді. Ел жасы қосылып, ер қосы көркейді, ел жасы азамат аталып, ұлдан ұлан өсіп, ұлт қадірленіп, халық өз қасиетін таба бастап еді. Әрине іргелі елдің ірілігі бірден келе қойған жоқ-ты. Ол екі тізгін бір шылбырдың қарулы қолға тигендігінің арқасында болған-ды. Ол тізгін — Тәуке хан менгерген хандық билік еді. Ол тізгін — Тәуке хан маңайына топтасқан үстем тап өктемдігі де еді. Ол тізгін — бүкіл халықтың әдет-ғұрыпты, тәртіп-низамды қамтамасыз ететін нәм қорғайтын бірден-бір дала заң-жосығының жинағы еді. Ол тізгін — елдің елдігін, халықтың бірлігін сақтап, азаматтығы мен тәуелсіздігі үшін кеудесін оққа төсеп, жанын құрбандыққа шалатын ерлік пен жаншынтыққа апаратын, арды шыңдап, намысты қайрайтын Адамдық пен Әділет нұсқаулары еді. Әлбетте «Жеті жарғыдай» заң нормалары тақыр жерден өздігінен туа салмайды. Осы жарғының негізіне Тәуке хан «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын байырғы Қазақ хандарының мемлекеттік басқару мен халықты билеудің қалыптасқан жосықтары мен нызамдарын алған. Ал сол кезеңнің үш данасы атанған, үш кемеңгері деп танылған, халқының үш көсеміне айналған Төле би, Қазыбек және Әйтекелер сайын сахараның сол замандағы тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық нәм әлеуметтік ортасына икемдей түсіп, сөйкестендіре екшеп, жаңғыртып қайта жасаған ғой. Сондықтан да бұл жарғы «Тәуке хан заңдары» деп те аталады /Сондықтан да бұл жарғы «Төленің жеті жарғысы», «Қазыбектің жеті жарғысы», «Әйтекеңің жеті жарғысы» деп те аталады/. Ендеше біз енді «Қазыбектің жеті жарғысында» қандай жосындар болған еді дейтін сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Қарағанды облысында шығатын «Қарқаралы» журналының бірінші санында: «Көне түрік тілінде «жарғы» деген сөздің «жарлық» деген түрде айтылып, Қазақ тіліндегі «әмір, билік, заң» деген мағына беретінін, ал бүгінде баршаға жақсы мәлім «Айқас Куманикусте» «жарғы» сөзі «дау, әділес, тартыс», «әмір», «әдет-ғұрып заңы» ұғымын білдіретінін, оларға жер дауы, құн дауы, барымта, айып-жаза, алым-салық және басқалар енетінін еске алып, болжайтын болсақ, «жеті жарғы» деген сөздің жеті салада, жеті бағыт-бағдарда, жеті бап-пункт бойынша сараланған жарлық-әмір, байлам-тоқтам деген ұғым болса керек», делінген. Әдемі айтылған, дәл айқындалған тұжырымы. Әдет-ғұрып нормалары елдің жер-суын, қоныс-құдығын бөлу, малының ен-таңбасын анықтауда, әртүрлі дау-жанжалды шешуде жобану-сұқаға айналып, құн мен айып төлеудің жайы мен мөлшерін белгілеуді де ретке келтірген еді.

«Қазыбектің жеті жарғысының» өзінен бұрынғы жарлықтардан бір өзгешелігі — қатал кесім, қанды өлімге тыйым

# ҚАЗЫБЕК БИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘУІРІ

тату ағайын арасының ірімеуін, шырық бұзар шабуыл, шандуылдың шықпауын түгендеген қатал ұйғарым. Сонысымен де құнды.

Өз Тәукенің тұсында әдет-ғұрып заңдарын жасап және соны үш жүздегі үш бидің – Төленің, Қазыбектің, Өйтекенің жүзеге асыруымен Қазақ хандығы біршама бейбіт өмір сүрген еді.

Бұл кезде он сегізінші ғасырдың алғашқы шірегінде, Қазыбек Ұлытауды жайлап, осы төңірекке топтасқан Аргындарға ықпал етіп отырған. Шын мәніндегі осынау кемеңгердің Тәуке өлгеннен кейін таққа отырған (1719-1828) Тәукенің ұлы Болат ханның нашарлығынан үшке бөлініп кеткен елді ақтабан шұбырындыға ұшыратып, атадан ұлды, анадан қызды айырылтып, қайғылы күйді күңіретіп жеткізген Жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ жұртын қайта көтерудегі еңбегін баса көрсету ләзім. Өсіресе, жиырмасыншы жылдардың орта шенінде Орта жүз бен Кіші жүздің ауылдарын қысы-жазы аралап, елді бірлікке, ұлдарын ерлікке, бай-билерін бірауыздылыққа шақырып, азаттық ансаған халықтың қонысын жоқтаған босқын жұрттың тәуелсіздігін әперіп, атамекенін құтқаруды айтқан Қаз дауысты Қазыбек бидің ат үстінен түспей, алты малтан қорек қыл, Сарыарқаның сарқыраған суына шомылғу да мұршасы болмай, түнгі шығына омырауын төсеп, күндізгі мұнарына бетін шайып, кең даланың кер бетегесін сырлас етіп алғанын аңыздан да білеміз, құжаттардан да кездестіреміз (10, 133).

Қаз дауысты Қазыбектің елінің еркіндігі, ұлтының тәуелсіздігі, азаматының азаттығы деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жылдар бойы түн жортқан жолаушы болып жүріп, 1731 жылғы Ресей патшалығының қол астына бодан боп кірген Әбілқайыр хан тіршілігін қолдағанын да хабардармыз. Ол ол ма, 1741 жылы Орск қамалына барып сенатор Иван Неплюевтің алдында императрица Елизавета Петровнаға ант бермекші болған Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға қатты ықпал етіп, Аргын руының атынан ант беруге қосылатындарын білдіріп хат жазып беріп, өз өкілін жөнелткенін де көне жазбалардан оқығанымызды растаймыз. Сонда қалай? Азаттық аңсаған Қазыбек, халқының еркіндігін көксеп, ұлтының тәуелсіздігін армандаған Қазыбек, кіріптарлықты адам бойындағы ең бір ауыр азап деп сезінген батагейі қария құлдық құрығын, отаршылдық бұғауын, теңсіздік қамытын өз Қазағының мойнына өзі салып беруге құлшынған ба? — дейтін заңды сұрақ туындайды.

Бірақ сол кезеңнің шындығына сүңгіп шыққанда ғана, кереғар заманның ақиқатына бойлаған шақта ғана Қазыбек сияқты кемеңгер, сұңғыла әрі алдағысына ой көзін жіті жеткізе алатын данышпан адамның жан дүниесіне енгуге болады.

1734 жылы Сәмеке хан өлген соң, соның орнына Орта жүзге хан сайланған Әбілмәмбет Түркістан шаһарында тұрып жатқан. 1761 жылы аяқ астынан хан ордасының түндігін жел үрлеп, түтінін түзу шырмаған бір келеңсіз оқиға туындап қалып еді. Сәмекең Есім атты баласы осы Түркістан қаласының түстігінде тұрақтап қалып, ата тағынан дәмелі ме кейкейде немере ағасына көз алартып қойып сыныққа сылтанға іздеп, сызданым жүреді екен. Іздегенге сұраған дәл сол жылы Әбілмәмбет хан Түркістан жұртшылығына салықты әдеттегіден еселеп көбейтіп салып жібермей ме. Кент тұрғындары ауыр салықты қалай төлерін білмей, азуларын егел жүргенде қолтықтарына дым бүркікен Есім сұлтан әлгілерді ханға қарсы айдап салып, Әбілмәмбетті Түркістаннан қуғызып тастайды. Содан Әбілмәмбет хан Аргын ішіндегі Алтай-Қарпықтары ұлы Әбілфәйіз сұлтан мен Қаракесектегі Қазыбекті сағалап келіп, Арқада қыстап қалады. 1762 жылы көктем тұа Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан бастаған Орта жүздің игі жақсылары Қаракесек ұлысына, Қазыбек ауылына түсіп, ұлы бидің қазылығына жүгінеді. Ел қамын өз басынан артық ойлаған, ел бірлігін өмірлік мақсат тұтқан Қаз дауысты Қазыбек Түркістан шаһары мен оның төңірегін Әбілмәмбет хан мен Есім сұлтанға еділдікпен бөліп беріп, қазақ даласында ұшыққан үлкен дауды әдемі шешіп, қарсыластарды бітірген көрінеді.

Әрине, адам болған соң әркімде де пенделік, күйкілік, шарауқор ұсақтық, пайдақунемдік, іштарлық болуы әбден ықтимал. Бірақ Қаз дауысты Қазыбек би туралы жазылған деректер мен құжаттар, естіген аңыз-әңгімелеріміз ұлы бабамыздың пендешілік күйге құлдырамай, әрқашан азаматтық, адамдық биік тұғырда тұрғанына кезімізді жеткізіп келеді. Дәл осындай шынайы адамгершілік, мөлдір тазалық, имандылық қасиет Қазыбек замандастарының көпшілігінің бойынан сирек табылатын. Халық саясаткерлігіне, көрегендігіне, қайсарлығына, табандылығына мықтап табынатын Абылай ханның да пенделік көрсетіп алған, ұсақтық күйкілікке құлділаған келеңсіз сәттерін жазба деректерден кездестіреміз. Адамгершілік пен пәктіктің биігінде тұру



көрігеннің қолынан келе бермеген. Осы орайда тағы да дәлелді көлденең тартайық. 1741 жылы маусым-шілде айында Жоңғария қолбасшысы Сары-манжы бастаған отыз мың ойрат шерігі Орта жүз иелігіне шабуыл жасап, Қазақтың біраз ауылын шауып кеткен еді.

Дәл осы жолғы шайқастай жасынан қан майданға түсіп батырлық дәрежеге дейін көтерілген Абылай сұлтан жекпе-жекте ойрат ханы Қалдан-Цереннің Шарыш атты баласын өлтіреді. Бірақ өзі қолға түсіп қалады. Екі деректер бойынша Жоңғария хонтайшысының: «Баламды өлтірген сұлтанды байлап бермесендер, тұқымдарыңды тұздай құртып, үрім-бұтағыңнан түк қалдырмаймын, Қазақ!» дейтін өмір-бұйрығымен билер кеңесі Абылайды аңда жүргенде ойраттарға ұстаып жіберіпті-мыс. Бір шындығы: 1741 жылы Абылай сұлтанның Қалдан-Цереннің қолына тұтқын боп, түсіп екі жыл бойы аяқ-қолы кісенделіп, зынданда отыруы.

Қашаннан өз мұңынан ел қамын жоғары қойған, халық мұңын ойлаудан бір жалықпаған Қаз дауысты Қазыбек Абылай сұлтанның ерекше алғырлығын, терең айлакерлігін, болжағыш көрегендігін, ұстамды мінезін, етінің тірілігін, ікемді саясаткерлігін сұлтандар ішінде халық мүддесі, ел бірлігі дейтін қасиетке көбірек илігетінін сезіп, қайткен күнде де оны тұтқыннан босатып алуға тырысады.

Содан да болар 1742 жылдың ерте көктемінде Қаракесек Қазыбек би өз жүрек өмірімен хонтайшыға екінші рет барған екен.

Әрине, Қалдан-Церен атақты Қазақ биін қанша сыйлағанымен, кемеңгерлігіне қаншама бас игенімен, Қазақ даласының тұтқасы мен Қазығына айналып келе жатқан, Қазақ мемлекетінің сұлтан атауы қалмаса да, болашақ ұлы ханы болар Абылайды оп-оңай еңгертіп жібере қоймас та еді. Бір сөзге тоқтап, бір сөзден жеңіліп, бас шұлғып, қол қусырып, атшалан айып төлеп қала беретін ауыл-ұйдің дауы да емес еді ол. Екі елдің арасындағы тіпті Ресей, Қытай, Бұқар, Хиуаларды қоссақ, әлденеше елдердің арасындағы шиеленіскен әртүрлі сақтағы мәселелерді қамтыған қиын түйін еді ол. Содан да болар Сары-манжы бастаған қалың қолын тағы да тас түйін етіп дайындап отырған Қалдан-Церен айылын жия қояр ма, ауыздықты шайнап, сыңарезуге басады ғой. Сондағы тілегі: Әбілхайыр, Әбілмәмбет хандар, Батыр, Барақ сұлтандар, Жәнібек бастаған батырлар барлығы Қазақтың он атақты адамы кепілдікке бір-бір баладан шығарып, ақ үйлі аманат» берсін. Оның үстіне Қазақ хандығы Ресей боданынан кетіп, Жоңғария үстемдігіне бас иетін болсын. Осы шарттар орындалар болса, екі елдің арасындағы жаугершілік тоқтатылып, ағайынгершілік жобамен алыс-беріс басталады. Абылай сұлтан да, басқа тұтқындар да өздеріне лайықты сый-сияпатымен еліне қайтады. Ойраттардың иелігіне өткен Қазақтардың ежелгі астанасы – Түркістан шаһары және оның төңірегіндегі отыз екі қала қоса қайтарылып, қазақтардың емін-еркін көшіп-қоныуына жер бөлінеді деген тәртізді «жақсылықтардың» төбесін де қылтытып қояды.

Қазыбек әкелген бұл хабар қазақтарға да, орыс патшалығына да онша жайлы тимеген еді. Қазақтар, оның ішінде Орта жүз бен Кіші жүз бұл кезде ресми түрде Ресей қолдастында болатын. Хонтайшыға «ақ үйлі аманат» беретін болса, онда Ресей мемлекетінен ат құйрығын үзуі қажет. Өз ішінің алауыздығынан жылына әлденеше рет құбылып отыратын Жоңғария хандығының өзгермелі саясаты Қазақ халқы үшін қолайлы болмайтыны аян. Ал тізге салып отырған ойрат өктемдігіне көнбейін десе дәл сол 1742 жылдың жазында Түркістанның нақ іргесіне төніп келіп тоқтаған қолбасшы Сары-манжының екі түмен қолының ызғарлы сусын немен қайтарар? Қайтара алар ма? Ал, Ресей империясы қос басты самұрығының шеңгеліне өзі келіп түскен Қазақ хандығынан қарап отырып қалай

оңайлықпен айрылып қалсын. Өйткені Петр патшаның сөзімен айтсақ «Қазақ даласы – күн нұрына мейлінше шомылған орталық Азия елдеріне барар жолдың кілті мен қақпасы» емес пе? Ендеше, орыстар кілті өз қолынан беріп, қақпаны өз еркімен сарт жапқызбақ па? Жапқызбайды! Ендеше тездетіп шұғыл әрекетке көшу керек!

Сол-ақекен Сыртқы істер Коллегиясының жалғығымен Орынбор комиссиясының бастығы Иван Неплюев пен гарнизонының жаяу әскер полкінің майоры Карл Миллерді Жоңғарияның Қалдан-Церенге, поручик Гладышевті Әбілқайыр ханға тірламаш, Уразалинді (әлде Оразалинді) Әбілмәмбет ханға жедел жөнелтеді.

Карл Миллер арқылы Орынбор комиссиясы Қалдан-Цереннен «Қазақтың Орта жүзі мен Кіші жүзі Ресей боданындағындағы ел екендігі, сондықтан бұл елге көз аларта беруін тоқтатуды, өйтпеген жағдайда Ресей патшалығымен түс шайысып қаларын, сол себепті тұтқындарды қайтаруды ең алдымен Абылай сұлтанды босатуды, сонда Қазақтар да ойрат тұтқындарды алмастыратынын» нықтап айтып, мықтап талап еткен еді. Ал, Гладышев пен Уразалин Қазақ хандарына: «Тырп — туші болмандар? Сендер бізге сүйендіңдер, Жоңғар хонтайшысына аманат берем деп ауыздарың қышымасын!» деген зілді жеткізген болатын.

Бірақ саясат араласқан жерде әртүрлі айла-әрекет қоса жүретіні белгілі. Әбілмәмбет хан мен Барақ сұлтан балаларын Қалдан-Церенге «ақ үйлі аманат» қып беріп, екінші жағынан орыс елшілігінің қатаң талабының әсері де болып, Абылай сұлтан 1743 жылы елге оралған. Түркістан бастаған отыз үш Қазақ қаласы қайтарылып берілген. Әбілмәмбет Түркістан шаһарындағы ежелгі-хан ордасына көшіп алған. Сарыарқада хан болмаса да, хан билігін жүргізіп Абылай сұлтан дәуірлеген.

Шау тартып қалған Қаз дауысты Қазыбек аса беріп, ат шаптырған тойға да қатыспай, қор мен зорды тең жұтар билігін айтқызу үшін іздеп келер қарапайым жан мен қаһарлы хан шыққанша қазақ жерінің жоңғарлардан біртіндеп босануына қарай алдымен Ұлытауды жайлап, одан соң Есілдің бас жағындағы Ерейментау маңындағы Долбны мекендеп, кейіннен Семіз бұғы тауындағы Теректінің бойында тұрақтап, жүріп жатқан. Әрине би тыныш ұйқы, уайымсыз күй кеше қойды дей алмаймыз... Ақылы кең, азбайтын аға іздеп сандалған жұртты көріп бір қиналса, тозбайтын ақ кіреуке жаға таппай сенделген шерменделерді кездестіріп және күйзелетін. Наданға сөзін ұққыза алмай, жаманға түскен күйіне опынып, әркімді бір сағалаған есепшіл жылпостардан жаны түңіліп кей-кейде үйінен ұзақ шықпай, ақ ордасында ұзақ жатып қалатын. Бидің сондай бір оңаша күйзелуді оңаша құрғанын «Елім-ай» романында былай деп көрсеткен... «Дүние — толқын. Лықсып туып, ығысып шегінеді. Адам — лек, ұрпақ — лек ауысып жатады. Содан дейімау, осынау қонақ дәуреннің қас қағым мөурігінде алысып, жұлысып, жағаласып-жауаласып өткенде нені аңсайды, нені көксейді? Ырылдассын, иттессін, арылдасын, қасқырлансын, адамдығы неде? Қасиеті қандай? Қаскөйлігі ме? Ауызданғанға ауыз емес пе? Алғашқы естігені ана әлді мен бесік жыры ғой. Табалдырық аттасмынақ төбеге де жетпей төбелесе жөнелетіні қалай? Белдеуге қыстырған құрық пен құдыққа салған қауғаның кейде қан, кейде зер ішікзетіні неліктен? Өлде әнімсіз бен айтағымыз көбейіп, еміренуімізден ежіреюіміз асып түсіп жатқанын сезбей ме екенбіз?

... О тоба! Осыны талайдан естідім. Өзегім өртеген өкіміш — өзгені өлтіре алмағанын. Өзі өміре қапса да, өңгенің оза шауып, өрлеп кеткенін көре алмайды. Зар тілегі — зұлтымдық, Ақсаққа тоқсақты қосып, мертікке шортықты жамай алмаған әлсіздігін аруақтың азғаны, төңірдің тозғанына ғана байлады. Ит-ай! Қақ сойылдың сартылын, қара шоқпардың қақтығысын әні мен күйіндегі сезініп, аттан мен ойбайға, құдайы мен піндідей табынып, ісініп, еміреніп сала бергенде, кіндікке маталанған құдірет — туған жердің ақ төсін ат тұяғымен езілгенін білмейді-ау. Түсінебді-ау! Әйтпесе мұңға бөккен көп кеуденің үнсіз ыңқылын бір арнаға жинаса, жер сілкініп, тау шайқалар ма еді?! Неге сезініп! Бәрібір әділдік деп соққан үлкен жүрек, адалдық, туралық деп құлшынған көпшіл көңіл алыстан арамдықтың ызыны жетесе, зорлық-зомбылықтың сыбысы естілсе, қылмыс-қастандықтың дүбірлі біліне, биді еріксіз атқа қондырып, әділет туын жалынатып, жалаулатып әлгілерге қарсы шығаратын.

1748 жылы 24 тамызда Барақ сұлтан Әбілқайыр ханды өлтіріп, ел арасына ірікті салып, қобалжу еңгізіп, тұтастыққа сына қаққан кезде дүниенің сөзін емес туралықтың сөзін сөйлеген.

— Уай, Барақ! Ойланбай жасаған қылмысыңмен орта жүзді ойсыратып кетер салмақ түсірдің сен. Елдің саулығын қашырып, қаскөйдің жаулығын бастадың сен. Бәрінен де бұрын сен адамзаттың

өмірін ұрлап, өлімге орын босаттың. Ханыңды қарадай өлтірсең, халқыңды қынадай қырарсың. Жауыздық қақпасын ашсаң, қаның судай шашарсың. Ал егер еліңді ығыр қылғың келмесе, жүрегіңнің ізгілігі өлмесе, тесікті өзің бітеп, жараңды өзің жазып ал. Өлген тірілмейді, өшкен жанбайды. Бірақ өлгеннің ісін жалғастырып өшкеннің отын тұтатсан, өмір азбайды, шырақ қайта маздайды. Жайлауымды өрт, жұрттымды дерт шалмасын десең, Әбілқайырдың Орынбордағы ұлы Айшуақ сұлтанды ауыстырып, орнына аманатқа өз ұлыңды бер де, қаның мен құныңды көшірсін десең, бола алсаң — Әбілқайырдың орнына хан бол. Әйтпесе дәл Қазір тобырғымен түгел бұрылып, Әбілқайыр ұлдарының алдына барып кісілігінді тастап, кісенді мойныңа сал Кіріптарлаңып қол қусыр! Қаныңды шашма, құныңды кесе ме, қылмысыңды кеше ме — солар, қыныкерлер шешеді. Сен үшін табар, ағайынан алашы іздеді Орта жүз жоқ! Кісәпірге көшірім етер де Орта жүз жоқ! Кесіміме көнбесең бүкіл Орта жүз тұрмақ бүтін Найманға да симассың. Сиғызбасын! Ауып кетем деп дәмеленбе, жоңғарға да өткізбесің, — деп қатал талап қойыпты. Әрине Барақ сұлтан да үнсіз қалмаған ғой.

— Уай, би! Қараны ақтап, ақты қаралағанды қайдан көрдің. Жаманды жақтап, нақақты жаралағанды қайдан көрдің? Сұңғылаң Әбілқайыр болса сумырайың мен бе? Адалық Әбілқайыр болса арамың мен бе?! Сұғанақ жанды әулие тұтар болсаң, тура би тура жолыңды өзің бітеп көнгенің бе? Айлашыл пысықайды аза тұтсаң, арымызды ұқтырар арыңды таба алармын ба? Жолымды кесіп, қолымды байлап келген Әбілқайырды бір көрмей, оның арамдығына көнбей сұғанақтыңна ермей бұлқынған мені тергеу жөнелгенің қалай? Жолымнан қағылып, тонымнан тоналып қала бергенім үшін баламның маған сыйға жіберген керуенін жолшыбай талап алған Әбілқайырды жазалап, қылмысына лайық шара бергенім үшін айыптымын ба? Сұғанақты сілейтін, қылмыскерді құлатсам, төңір бұйрығын орындағаным шығар. Бөлекей-Қоянның шөлтірегі Тоғым-Шығайдың тектісінің алдынан шыға бермесін. Қазыбек дауысын қоңыр Қаздай қаңқылдатыпты.

— Әурақты Қазбалап, көп сымбайлай берме. Сылтаурасты сытыла алмайсың, бұл талақтап құтыла алмайсың менен. Қанды қол, қара жүрегіңмен қанжар ұшында тұрсың. Қолды жуып, жүректі тазартуды ойламасаң тағдырыңды сол қанжар шешер. Орта жүздің атынан қылша мойныңа қыл арқанда тастадым. Не өліп құтыласың, не жөніңмен жеңіп құтыласың Барақ! Барақ сұлтан еріксіз ылдидылапты.

— Уай, би! Айттың сен. Көндім көбіне. Олай болса мені Кіші жүз бен Орта жүздің екі-екіден төрт би тергеп текерсің. Ендеше мен де өз шартымды айтып қалайын. Қаныңа тартпас кесектігімен Алшынның Төртқарасынан Қаратоқа билің, Қаракесектің Қозанайынан Мәмбет аталықтың, Орта жүздің Бағаналы Наймандағы Өтебайдың есімдері белгілі. Сен мені осыларға тапсыр, басымды ала ма, шарымды ала ма — шешсін де кесің! — дейді.

Билердің шешіміне иліктеріп, ел ыңғайына Барақ сұлтанды Қазекең осылай көндірген екен.

Бұл оқиға ағайын арасында да көрші елдермен де тату ынтымақта болуды көздеген Қаз дауысты Қазыбектің туралығына дәлел. Өсіресе оның орыс елімен бейбіт қарым-қатынасты орнатуда сіңірген еңбегін ескергеніміз жөн. Сібір генерал-губернаторының міндетін атқарушы генерал-майор фон Фраундорфтың Сыртқы істер Коллегиясына 1763 жылғы 11 наурызда жолдаған рапортында «Орта жүздің төбе биі Қазыбектің Россияға жақсы ниетпен қарайтыны» мәлім етілген. Және де осы құжаттан біз 1762 жылдың күзінде Орта жүзге мол сыйлықпен келген Қытай богдыханының өлшілерін Қаз дауысты Қазыбектің Абылай сұлтанға өткізгенінен де, өзінің қытай өлшілерінің бағалы сыйлықтарын алмастан, талап-тілектерін қабылдамастан кері қайтарып жібергенін де білеміз.

Қазыбектің Бекболат, Қазымбет, Барзекелді, Барқы, Сырымбет атты бес ұлы және Маңқан есімді қызы болғаны белгілі. Осы ұлдарының біріне қызын айтырып алып беріп, Қазекең ұлы замандасы Төле бимен құда болған дейтін де болжам бар.

1764 жылы қысқы соғым кезінде (шамамен желтоқсан ішінде) Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі бұлағын қыстап отырған Қаз дауысты Қазыбек тоқсан жеті жасында мәңгі көз жұмған екен. Қазекеңнің сүйегін бөлігімен қаптатақан баласы Бекболат өлмесіне арнап тіккізген киіз үйдің ішіндегі төрт таған тас-сөреде төрт ай сақтап, көктем шыға жалға шығып, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи сағанасына апарып қойғызыпты. Қазекеңе орнатылған құлпытас әлі күнге дейін төу етіп келушілердің көз жанарын суырады.

Қазақ елінің әдет-ғұрып заңдарын қалыптастыруға ат салысқан халқының еркіндігі мен азаматтығын ойлап, ұзақ ғұмырын ат үстінде, ел шетінде, жау бетінде өткізген кемеңгер ойшыл, қажымас қайраткер Қаракесек Қазыбек есімі ұлтының есінде мәңгі сақталары аян.

# БЖЗҚ-ДАН БЕРІЛЕТІН ЖЕРЛЕУГЕ АРНАЛҒАН БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМГЕ САЛЫҚ САЛУ

**«БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ) қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының жүзеге асырылатын жерлеуге арналған біржолғы төлемге салық салу тәртібі туралы хабарлайды.**

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Әлеуметтік кодексінің 242-бабының 3-тармағына сәйкес, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелеріне қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары есебінен республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 94 еселенген мөлшері шегінде, бірақ қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан артық емес көлемдегі жерлеуге арналған біржолғы төлем беріледі. Бұл біржолғы төлемге жеке табыс салығы салынбайды.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан

кейін қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраса, бұл қалдық жерлеуге арналған біржолғы төлеммен бірге қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне төленеді.

Бұл ретте «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 341-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен 94 еселенген АЕК мөлшеріндегі сома шегінде жерлеуге арналған төлем алынып тасталатындықтан, қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары қалдығының сомағына оны төлеу кезінде жеке табыс салығының 10 пайызы стандартты мөлшерлемесі бойынша салық салынады.

# ЕАЭО-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢБЕК ӨТІЛІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ КІМ БЕРЕДІ?



**АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**  
**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 23 мамырдағы №163, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы №304 бірлескен бұйрығымен Қазақстан Республикасында 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді іске асыру бойынша құзыретті органмен Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының өзара іс - қимыл реттемесіне - (бұдан әрі – Реттеме) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.**  
**Реттеме Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.03.2021 ж. № 62, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 28.04.2021 ж. №249**

**бұйрығымен бекітіліп, 26.05.2023 ж. күшіне енген.**

Реттемеге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес:

1) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбек өтілін растау жөніндегі Қазақстан Республикасындағы құзыретті органдар – «БЖЗҚ» АҚ, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитеті және олардың аумақтық бөлімшелері;  
2) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің құзыретті органынан Қазақстан Республикасының аумағында еңбек өтілі туралы «Сұраныс» деректемесі төмендегі кезеңде түскен кезде:

- 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының құзыретті органы сұраныс жолдап отырған мүше мемлекеттің құзыретті органына ақпараттық жүйедегі міндетті зейнетақы жарналарын

төлеу туралы деректер негізінде «Жұмыс өтілі туралы» деректемені қоса тіркей отырып, жауап жібереді;

- 1992 жылғы 13 наурыздан бастап 1999 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының құзыретті органы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне белгіленген мерзімдерде жұмыс берушіден (оның құқықтық мирасқорынан) немесе мұрағат мекемелерінен қажетті мәліметтерді, құжаттарды талап ету жөнінде іс-шаралар жүргізеді. Оларды алғаннан кейін «Жұмыс өтілі туралы» деректемені толтыру арқылы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің құзыретті органына жібереді.

**Естеріңізге сала кетейік, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Келісім (бұдан әрі – Келісім) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді және еңбекшілер мен оның отбасы мүшелеріне қатысты қолданылады.**

**Келісім ережелеріне сәйкес:**  
- еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтарын қалыптастыру шарттары мен тәртібі сияқты жағдайда зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылады (3-бап);  
- Қазақстан Республикасында зейнетақы жарналарына БЖЗҚ-ға аударылған зейнетақы жарналары жатады (1-бап);  
- еңбекшілерге (отбасы мүшелеріне) зейнетақы тағайындау және төлеу құқығын іске асыру жұмысқа орналасқан мемлекеттің азаматтары үшін қолданылатын шарттарда жүзеге асырылады (3-бап);  
- Келісім шеңберінде тағайындалатын зейнетақы түрлері Келісімнің 2-бабында айқындалған.

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күні күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасырет болып табылады ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдегі қаисысын да қатты алаңдататыны анық. «Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «согуптион» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «согуптиге» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бұлдіру, бұзу,зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдіреді. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биде туган жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әдептілік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу,пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару,жалған жауап берге немесе жауап беруден жалтарауға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

**Ж. ҚҰМАРБАЕВ,**  
Ескелді ауданының ТЖБ бас маманы  
азаматтық қорғау майоры

# О МЕРАХ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ПЕРИОД ПРОВЕДЕНИЯ ВЕСЕННИХ РАБОТ ПО ОЧИСТКЕ ТЕРРИТОРИИ

Отдел по чрезвычайным ситуациям Ескельдинского района ДЧС области Жетісу напоминает о соблюдении элементарных правил пожарной безопасности:

- 1)запрещается разводить костры ближе 50 метров от зданий, строений, сооружений, а также лесов. По истечении надобности костёр должен быть тщательно засыпан землёй или залит водой;
- 2)очистите от сухой травы и мусора приусадебные и дачные участки, не бросайте на потушенные окурки и спички в траву, т.к. вызвав тление горючего материала, сам окурок через некоторое время гаснет, но образованный им очаг тления при благоприятных условиях может превратиться в пожар;
- 3)не сжигайте сухую траву, листья и мусор, собрав его, упакуйте в мешки и сложите их в специально отведенных местах для дальнейшей утилизации;
- 4)в условиях устойчивой сухой, жаркой и ветреной погоды или при получении штормового предупреждения запрещается разведение костров, проведение пожароопасных работ, а также топка печей;
- 5)пресекайте детскую шалость с огнем, разъясните детям опасность огня;
- 6)рекомендуется у каждого жилого строения устанавливать ёмкость (бочку) с водой или иметь огнетушитель.

При появлении малейших признаков пожара (задымление или открытый огонь) об этом необходимо немедленно сообщить в органы гражданской защиты по телефону «101» или «112». Вызовы экстренных служб осуществляется без дополнительных символов, возможен при отрицательном балансе и даже при отсутствии в телефоне SIM-карты.

**К. АШИМОВ,**  
Инженер ОЧС Ескельдинского района  
старший лейтенант гражданской защиты

# СТЕПНЫЕ ПОЖАРЫ



**Большой урон сельскохозяйственным угодьям и лесным массивам приносят лесные и степные пожары, происходящие в жаркое время года, одной из основных причин возникновения лесных и степных пожаров является неконтролируемые отжиги и сжигание прошлогодней соломы, проводимые сельхозпроизводителями, а также поджоги не известными лицами травостоя, неосторожное курение, детская шалость с огнем.**

В связи с наступлением пожароопасного периода, во исполнения Закона РК «О пожарной безопасности» от 22 ноября 1996 года и Постановления Правительства РК от 27 июня 2007 года за №542 всем Акимам сельских округов, руководителям крестьянских хозяйств и других с/х объектов необходимо привести в готовность привлекаемую для тушения горно-степных пожаров технику, обеспечить ее запасом ГСМ, всех членов добровольных противопожарных формирований обеспечить хлопьями, обработать порядок сбора членов ДПФ в случае возникновения пожара, а также необходимо организовать объездчиков на своих землях, произвести опашку шириной не менее 4 м степных массивов по границам земельных наделов, запретить неконтролируемые отжиги травянистой растительности.

Акимы сельских округов, руководители крестьянских хозяйств и других сельскохозяйственных объектов, отдел по чрезвычайным ситуациям Ескельдинского района строго предупреждает, что в случае возникновения лесо-степных пожаров на Ваших землях, виновные лица будут привлечены к административной ответственности по ст.249 КоАП РК (Несоблюдение требований по охране атмосферного воздуха и пожарной безопасности при складировании и сжигании промышленных и бытовых отходов) в виде штрафов до 120 МРП, а также по ст. 312 КоАП РК (Нарушение или невыполнение правил пожарной безопасности) в виде штрафов до 50 МРП. В случае распространения огня на населенные пункты и нанесения вреда здоровью и имуществу граждан виновные лица будут привлекаться к уголовной ответственности согласно установленного законодательства.

**А.МУСТАБЕКОВ,**  
Гл. специалист ОЧС  
Ескельдинского района  
капитан п.п.с

# ПРАВИЛА БЕЗОПАСНОГО ОТДЫХА В ЛЕСУ

**Лес — это зеленая одежда земли и наше самое большое богатство. Самым грозным врагом леса всегда был огонь. В настоящее время в большинстве случаев его возгорания виноват сам человек. Но выполнять несложные правила пожарной безопасности в лесах, можно сохранить природу и не допустить масштабного бедствия.**

Лесные пожары оставляют после себя опустошенную на долгое время территорию. А начинаются они подчас из-за недооценки опасности огня и нарушения правил поведения в лесу. Оброненный окурок, брошенная после пикника стеклянная посуда и непотушенное кострище — всё это потенциальные источники пожара.

В современном обществе стал очень модным зеленый туризм. Но не все новоявленные туристы владеют даже азами пожарной безопасности на природе. Не задумываясь о последствиях, они раскладывают костер для приготовления пищи под деревьями, около кустарников, не следят за ним.

Огонь в лесу часто бывает жизненно необходим: он согревает, высушивает одежду, дает возможность выпить чай и приготовить. Но нужно знать правила обращения с ним, иметь элементарные практические навыки по разведению и тушению, разбираться в видах и способах его разложения.

Чтобы умело развести костер в лесу надо запомнить для себя несколько основных шагов:

должен быть проведен тщательный подбор места разведения;обязательная подготовка площадки;заготовка топлива и растопки.Любая оплошность при обустройстве костра может разрушить экологическое равновесие. Например, жар огня вблизи деревьев сильно нагреет их кору и живые ткани. Дерево может погибнуть. Нагретая до высоких температур почва спекается и становится безжизненной.

Существует ряд правил для «безопасного костра»:

в сухую погоду разжигайте костер только на песке или камне, по берегам водоемов, на полянках с зеленой травой;убирайте от огня все горючие предметы на расстояние более полуметра;для экстренного тушения костра держите вблизи несколько емкостей с водой;положите рядом пучок нарезанных веток для захлестывания огня;никогда не разводите огонь около смолистых деревьев, у деревьев с дуплами, на старых вырубках;густая трава, мох, лишайники могут стать причиной возгорания окрестных деревьев;не разводите высоких и больших костров: несколько маленьких могут принести вам больше пользы;если вы увидели старое кострище — воспользуйтесь им;если не нашли подходящего места, снимите верхний слой почвы с дерном и разожгите костер на земле без органической подложки. Разводите костер не меньше чем в трех метрах от палаток с подветренной стороны.Не забудьте, если вы находитесь в заповеднике лесу, то в нем обязательно устроена площадка для костра. Самовольное ее перенесение наказуется по Закону.

Вы провели хороший уик-энд в лесу или закончили поход. Позаботьтесь о том, чтобы лес при этом не пострадал. При уходе с места отдыха или стоянки ликвидируйте костер: залейте водой, закидайте влажной землей и притопчите.

Даже если вы тушили костер вечером, утром снова проверьте место: могут остаться тлеющие угольки.Пощупайте пепел и золу — они должны быть холодными. Перекопайте вместе с ними этот участок. После тушения костра не уходите сразу, подождите минут 15–20. Только убедившись, что всё в порядке, можете уйти.

Только от нашего правильного отношения к огню зависит пожарная безопасность в лесах. Выполняя простые правила поведения на природе, можно существенно убавить количество лесных пожаров.

**Қ. ӘШІМОВ,**  
Инженер ОЧС  
Ескельдинского района  
старший лейтенант гражданской защиты

# АО «ЕНПФ» ИСПОЛНИЛ ОКОЛО 1,8 МИЛЛИОНА ЗАЯВЛЕНИЙ НА ЖИЛЬЕ И ЛЕЧЕНИЕ

Около 1,8 млн заявлений, поступивших почти от 1 млн вкладчиков, на сумму порядка 3,6 трлн тенге, исполнено АО «ЕНПФ» (далее – ЕНПФ) в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты лечения. Как известно, пенсионные накопления могут быть использованы вкладчиками (получателями) неограниченное количество раз для изъятия на жилье и (или) лечение в пределах доступной суммы пенсионных накоплений, а также для передачи в управление управляющим инвестиционным портфелем (далее – УИП).

## На жилье

В период с января 2021 года по состоянию на 1 июля 2023 года ЕНПФ исполнены 1 371 907 заявлений вкладчиков (получателей) на единовременные пенсионные выплаты для улучшения жилищных условий. На специальные счета казахстанцев, открытые в банках-уполномоченных операторах, ЕНПФ перевел более 3,2 трлн тенге. При этом средняя сумма единовременных пенсионных выплат составила порядка 2,35 млн тенге.

Наиболее активное участие в данном направлении приняли жители Алматы (17,79%), Астаны (12,54%), Мангистауской области (9,47%), Карагандинской области (7,86%). На сайте [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) в разделе «Показатели» размещена подробная информация: на какие цели казахстанцы подают заявления на единовременные пенсионные выплаты и в разрезе регионов (подразделы «Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий по целям» и «Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий»).

При анализе целей, на которые используются пенсионные накопления, сделаны следующие выводы. Порядка 35,63% от всех заявлений - это приобретение жилища в собственности по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) и строительство индивидуального жилого дома (при наличии в собственности земельного участка), 21,08% заявлений - в целях пополнения вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления, 15,74% - в целях частичного погашения задолженности по ипотечному жилищному займу (в том числе в рамках финансирования исламским банком), 15,04% - в целях частичного погашения задолженности по ипотечному займу по системе жилищных строительных сбережений.

На сегодняшний день банками-уполномоченными операторами,

принимающими заявления граждан на использование части пенсионных накоплений, являются АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк», АО «Народный банк Казахстана», АО «Altyn Bank», АО «Банк ЦентрКредит» и АО «Банк Фридом Финанс Казахстан».

Отметим, что 475,2 млрд тенге возвращено уполномоченными операторами на индивидуальные пенсионные счета (далее - ИПС) вкладчиков (получателей) в связи с тем, что единовременные пенсионные выплаты казахстанцами не были использованы в установленные сроки, по заявлению заявителя и иным причинам.

## На лечение

Также ЕНПФ исполнено 423 294 заявления для оплаты лечения на сумму 344,4 млрд тенге. Средняя сумма изъятия составляет порядка 0,8 млн тенге.

96,25% заявлений связано с получением стоматологических услуг, 2,67% заявлений – офтальмологических услуг, на другие медицинские услуги использовано около 1% пенсионных сбережений.

При этом на ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ вернулось 33,7 млрд тенге, данные средства не были использованы в установленные сроки, по заявлению заявителя и иным причинам.

Ознакомиться с актуальной статистикой по использованию пенсионных накоплений на лечение можно на сайте [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) в разделе «Показатели» - «Единовременные пенсионные выплаты на лечение».

## В частное инвестиционное управление

В УИП по состоянию на 1 июля текущего года с 18.02.2021 г. переведено 8,9 млрд тенге, ЕНПФ исполнено 5 991 заявление. Средняя сумма перевода составляет порядка 1,5 млн тенге. Подробная статистика по передаче пенсионных накоплений в доверительное управление также доступна на сайте [enpf.kz](http://enpf.kz) в разделе «Показатели» - «Передача пенсионных накоплений управляющим компаниям».

На данный момент ЕНПФ заключены договоры о доверительном управлении пенсионными активами с пятью УИП. Ознакомиться с информацией о них и изучить их инвестиционные декларации можно на сайте [enpf.kz](http://enpf.kz) в разделе «Услуги» - «Реестр управляющих инвестиционным портфелем».

Отметим, что из 8,9 млрд тенге 44,22% или 3,95 млрд тенге переведено в АО «Jusan Invest», 28% или 2,5 млрд тенге в АО «Halyk Global Markets», 16,16% или 1,44 млрд тен-

ге в АО «BCC Invest», 10,02% или 895 млн тенге в АО «Сентрас Секьюритиз», 1,6% или 143 млн тенге в АО «Halyk Finance».

Вкладчики имеют право представлять в ЕНПФ заявление об изменении УИП - для перевода своих пенсионных накоплений от одного УИП к другому УИП (не ранее чем через один год с даты первоначальной передачи пенсионных накоплений в доверительное управление УИП). За период с марта 2022 года по июнь 2023 года изменили свое решение о выборе УИП 91 заявитель: ЕНПФ исполнил 126 заявлений на перевод из одного УИП в другой УИП на общую сумму 344 млн тенге.

Вкладчики также имеют право вернуть свои накопления под управление НБРК после первоначальной передачи пенсионных накоплений в управление УИП. Таким правом воспользовались 211 человек. Со стороны ЕНПФ с 15 марта по 30 июня 2023 года исполнено 361 заявление по переводу средств в НБРК из УИП на общую сумму 1,4 млрд тенге.

Напомним, что с 01.07.2023 года сократился срок возврата пенсионных накоплений из управления УИП в управление НБРК. Теперь заявление на возврат накоплений от УИП в НБРК можно предоставить в ЕНПФ не через два года, а через один год с даты передачи накоплений в УИП. В случае, если пенсионные накопления переводились несколько раз в управление одному и тому же УИП, то возврат накоплений в управление НБРК можно осуществить через один год с даты первоначальной передачи накоплений в УИП.

Отметим, что после получения пенсионных активов УИП инвестирует их в разрешенные финансовые инструменты, указанные в Правилах осуществления деятельности по управлению инвестиционным портфелем, утвержденных постановлением Правления Национального Банка РК от 3 февраля 2014 года №10, и предусмотренные в Инвестиционной декларации УИП.

В период нахождения пенсионных накоплений под управлением НБРК до достижения вкладчиком пенсионного возраста действует государственная гарантия сохранности пенсионных накоплений с учетом уровня инфляции. При переводе пенсионных накоплений под управление УИП гарантия государства заменяется гарантией управляющей компании по обеспечению минимального уровня доходности активов, который рассчитывается исходя из средневзвешенной доходности пенсионных активов, переданных в управление всем УИП, действующим на рынке управления пенсионными активами.

# АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 291 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 9 545 тіркелген алаяқтың жалпы санының 1,1% құрайды.

291 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы - 235, Текелі қаласы - 11, Ақсу - 1, Алакөл - 5, Ескелді - 9, Кербұлақ - 2, Көксу - 3, Қаратал - 13, Панфилов - 10, Сарқан - 2. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Қрыша», «OLX» интернет-сайттары пайдалану арқылы да жасалады. Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстық осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда.

ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды. Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

## ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефоннұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруді, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Талғат ОМАРХАНОВ,  
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры

# ОСТОРОЖНО: ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКІ



В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдықорған расследуется досудебное расследование по заявлению гр. А. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кре-

дита и завладению ими.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов: «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные на предотвра-

щение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и придерживаться основных мер предосторожности.

## Основные рекомендации МВД:

1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительных органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.

2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющим сотрудниками банка, полиции и т.д.

3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие

услуги предоставляются к примеру Казпочтой.

4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.

5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.

6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.

7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками

8. Чаще проверять движение денег на своих счетах.

С.МЕРЕЙХАН,  
Старший прокурор по надзору за законностью в сфере правовой статистики и специальных учетов по Аксускому и Каратальскому районам

**Науырызхан Жайнар**

6- сынып оқушысы

**Кітап**

Әр кітап әр кәсіптің мамандары,  
Білімге қандырады адамдарды.  
Оқыған үлесіңе қарай олар,  
Жақсылыққа үйретер жамандарды

Жақсылардың ойы- теңіз ағылады,  
Іздесең содан бәрі табылады.  
Көп адам кітап оқып жастайынан,  
Көпшілікке білімді боп танылады...



**Дамыл Бота**

2-сынып оқушысы

**Гүлім**

Апақ гүлдер көк гүлдер  
Қызыл гүлдер ақ гүлдер  
Ұнайсындар адамға,  
Керік берген даламда.

Гүлім гүлім өсе бер,  
Күндей жайнап кетебер  
Әдемі боп асыл боп,  
Қызыл сары жасыл боп.

**Кітабым**

Кітап білім бұлағы,  
Білім өмір шырағы.  
Кітап оқыған әр бала,  
Білімді болып шығады.

Кітап деген керемет,  
Одан басқа не керек.  
Жетем десең мұратқа,  
Кітапта бар берекет.



**Ерсін Зерде**

6- сынып оқушысы



**Әке.**

Әке деген біздердің қорғаушымыз,  
Еркелеткен қашанда қолдаушымыз.  
Алыс жаққа кеткенде жұмыспенен,  
Сағынышпен сәлем хат жолдаушымыз.

Әке сені қатты жақсы көремін,  
Менде сенің кіп-кішкентай өренің.  
Барлық халық басын иер екеге,  
Саған арнап жазды балаң өлеңін.  
Әке сенің орның рас тым бөлек,  
Әкем барда шалқып жүрем мен бөбек.  
Менің әкем ақылды да керемет,  
Менің әкем барлығында тең көред.

**Жақсы көрем анамды**

Жақсы көрем анамды,  
Ақыл айтып өзгертетін санамды.  
Қателікті жасасамда әрдайым,  
Еркелетіп келесің ғой балаңды.  
Көрмей қалсам сізді қатты сағынам,  
Бір алладан аман ет деп жалынам.  
Сізден әрқашан ақыл алып үйреніп,  
Биік биік белестерден табылам

**Отбасы**

Отбасы бар бәрінде,  
Отбасында аламыз біз тәлімде.  
Отбасымыз жан ұямыз бір болса,  
Келтіреміз берекенің сәнінде.

Отбасында өмір сүред бәрінде,  
Ер жетсекте тұрамыз біз әліде.  
Отбасында өмір сүріп әр қашан,  
Кенеліей қызықтардың мәніне

**Салтанатқызы Аяла**



Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі К. Ушинский атындағы №7 орта мектеп, 7ә

**Өмір өтіп барады**

Жылдар салып араға,  
Өмір өтіп барама?  
Кеңіл шіркін күздегі,  
жапырақтай сарала,  
Ұйқы қашып далаға,  
Ұқсамаймын балаға.  
Денем кейде мұздайды,  
Салқын кірді санаға.  
Мекен етіп даланы,  
Үміт отын жағады!  
Дейтін атам бір кезде,  
«Өмір өтіп барады»

Бірақ өмір өтпеді,  
Өзгермеді кетпеді!  
Бірақ атам қазір жоқ,  
Ойландырап тек мені!  
Қазір қайда кеткені?

Бірақ сөзін ұнатам,  
Сағынамын ұлы атам,  
Өмір өтер дегенмен,  
Өзімді өзім жұбатам.



**Нұржолелұлы Гибадат**

4- сынып оқушысы

**Мектеп**

Мектебім білім бересің,  
Түсіме жиі енесің.  
Бір өлеңді жазайын  
Ақын емес демесің.

Мектебім білім аламын  
Барымды шын саламын.  
Ақын боламын деп жүрмін ғой,  
Қалайша үнсіз қаламын.

**Апама**

Апатайым апатайым асылым,  
Бүгінгі күн қуаныштан тасыдым.  
Еркелетіп жүре беріңізші аман боп,  
Сізсіз жерде жаман болып жасыдым.

Сіздің айтқан ақылыңыз жүрегімде,  
Еркелеймін, жүремің, күлемінде  
Жүз жасыңыз тілейміз бәрімізде,  
Осы менің апатай тілегімде...

**Ораз Ұнат**

6- сынып оқушысы

**Торғай**

Кіп-кішкентай торағайсың,  
Сәлеміңді жолдайсың,  
Қызықтырасың біздерді,  
Ұсталып қалсаң оңбайсың.

Балпаныңды қорғайсың,  
Жылы жақта тоңбайсың.  
Құрт-құмырсқаны азық қып,  
Жақсылықты қолдайсың.

**Шабыт келмеген бір күнім**

Ақындық деген ғажайып,  
Бір өлең арнап жазайық.  
Көп ойланып кетім ғой,  
Шабытым тұрма азайып.

Не болсада бір өлеңді құрайын  
Білмесем егер достарымнан сұрайын.  
Достарым көмек бермесе,  
Жалғыз өзім ақ құрайын.

Досым ау өлеңді күшті құрадың,  
Менің сендерге қояр сұрағым.  
Шабытым неге азайып тұр?  
Бүгін міне өлеңді әрең дегенде құрадым...

**Ерасыл Нұрсапа**

6- сынып оқушысы

**Түн**

Қорқынышты көрінеді түн,  
Кешбатқанда естіледі үн.  
Түнің қанша қорқынышты  
болғанмен,  
Таңатқан көрінеді күн

Кеш батқанда көрінеді ай,  
Қараңғыдан көрінбей тұр сай.  
Өлеңімді түнде ғана жазам,  
Басқа уақытта зерігемін жай.

Құстар  
Өлемде көп құстар,  
Оны адамдар ұстар  
Құстар жайлы жыр жазсам,  
Қаламды ұштар.

Торғайлар жатыр азайып,  
Құстарда біздей ғажайып.  
Құстар қорғауды ойлайық,  
Осыны еске алайық.

6- сынып оқушысы

**Менмін үйімнің көнжесі**

Менмін үйдің көнжесі,  
Саналылардың теңдесі  
Айтқан сөзді құбылтатын,  
Ашық ойлы зердесі.

Көнже болсаң күн мен ай,  
Еркелік пен көңіл жай.  
Берінің тілін алып жүрсең  
Атыңа болар затың сай

Көнже болсаң үй жұмысын сен істейсің,  
Бірақта бір екі іске келіспейсің.  
Бірақ үйдің жұмысын істемесең,  
Бала кезде одан артық не істейсің?

Ең ыстық кез жаз,  
Көбейеді аққу, қаз  
Каникулда балалар,  
Ойнап, күліп мез.

Жазда бақша сән еді,  
Жемістер неткен әдемі.  
Қазіргі кезде сағынам,  
Былытығы алманың дәмі еді

**Әділбекқызы Бағдаргул Шоқан Уәлиханов атындағы нөмер 10 мектеп гимназиясының 6» сынып оқушысы**

Жаз келді міне алақай  
Қуанады баладай  
Жемістерді теремін  
Жақсылыққа еремін .

Жаз дегенің керемет  
Ұшып жүрген көблек  
Оны қуып жүремің  
Қуанышпен күлемін.

Гүлдер жазда жайнаған  
Кереметей айналам.  
Жап жасыл далада ойнағам  
Құстары бақта сайраған.  
Талдықорған

Ғимараттар жарасып  
Бой көтерген таласып.  
Талдықорған қаласы  
Көзімдегі қарашық.

Аман болсын деседі  
Жайқалып әлі өседі  
Жетісудың әуені  
Самал болып өседі.

Талдықорған дара сың  
Жалғар ұрпақ арасын  
Өтем мәңгі қастерлеп  
Талдықорған қаласын

Ағайым менің ағайым,  
Өнеріңізге тәнті болайын .  
Өзіңізді құрметтейтін  
, Осы өлеңімді арнайын  
Ел алдында тіле бай,

Өнеріңізге бәрі сай.  
Сіздей ағай болғанымна  
Бәр баланың көңілі жай  
Айырмаса екен шын бақтан  
Өнеріңіз тұр әр жақтан

Тіл байлығымен ағайым,  
Бола беріңіз сіз мақтан.  
Тіл байлығы кермет,  
Ағайым біздің ерен ед.  
Өнеріңізді үйрендік,  
Бұдан артық не керек.

**Жаз**



**Ағайға**



**Меншік иесі:**

«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС  
директор - бас редактор  
Инкар Ерболқызы  
НҰРСҰЛТАНОВА.

Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

**Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru**

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 тираж 1200 Тапсырыс 754 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ЖИРНИКОВА.